



№16 (5987) Сенбі, 25 сәуір, 2015 жыл Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ҰЛЫТАУДЫҢ ДАМУ ҮРДІСІ — ҮКІМЕТ НАЗАРЫНДА

Мұхтар ДӘУІТОВ

ҚР Үкіметі Ұлытаудың дамуын тұрақты назарда ұстап келеді. Соның бір дәлелі жуырда Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев Ұлытау ауданының Жезді кентіне іссапармен келіп «Жұмыспен қамту-2020» жол картасы бойынша халықпен кездесіп, жасалынып жатқан жұмыстармен танысты.

Ұлытау ауданының әкімі Х.Омаров өңірімізде атқарылып жатқан жұмыстар жайында толық ақпарат беріп, халыққа қызмет көрсету мобильдік тобы саласының тыңғылықты істері туралы баяндады.

Бұдан соң Премьер-Министрдің орынбасары Б.Сапарбаев мемлекетіміздің өрістеуі мен дамуының нақты жолын айқындаған «Қазақстан-2050» стратегиясы — елімізді адастырмас шамшырақ екендігін айта келіп, кентіміздегі №533 сайлау учаскесінің сайлауға дайындығымен танысты.

Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев Ұлытау ауданында атқарылып жатқан жұмыстарға, Жездіде жүргізіліп отырған толайым істерге жақсы деген баға берді.

Жезді кенті.
Суретті түсірген автор.



АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

Ұлытау селосы

20 сәуір 2015 жыл

Аудандық мәслихаттың XXV сессиясын шақыру туралы

Бесінші шақырылған Ұлытау аудандық мәслихатының XXV сессиясы **2015 жылдың 30 сәуірінде сағат 11.00-де** (аудан әкімдігінің мәжіліс залына) шақырылсын.

Сессия төрағасы **Ы.ЖАЛБЫРОВ**
ХАБАРЛАМА

2015 жылдың 30 сәуірінде өтетін аудандық мәслихаттың XXV сессиясының қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Ұлытау ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің аудан аумағында кәсіпкерлікті өркендету мен дамытуды қолдау және жүзеге асыру жөніндегі атқарған жұмыстарының барысы туралы есебі.

2. Аудандық мәслихат хатшысының атқарған жұмыстары туралы есебі.

3. Ұлытау аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы XXIV сессиясының «2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджетті бекіту» № 210 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

4. Өртүрлі мәселелер.

Аудандық мәслихаттың біріккен тұрақты комиссиялар отырысы 30 сәуір күні сағат **9.00-де** басталады.

Т.СЕЙТЖАНОВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МАРАФОНЫ ӨТЕДІ

2015 жылдың 29 сәуірі күні сағат 9.00-де Орталық алаңда Жеңістің 70 жылдығына арналған «Бірінші болу батылдық» атты қайырымдылық марафоны өтеді. Марафонға төменде көрсетілген жас ерекшеліктеріне қарай кез-келген тұрғын қатыса алады. **Қатысу жарнасы – 500 теңге.**

ҚАШЫҚТЫҚТАР:

12-14 жас аралығы: ұлдар – 5 шақырым, қыздар – 4 шақырым
15-17 жас аралығы: ұлдар – 8 шақырым, қыздар – 5 шақырым
18-35 жас аралығы: ерлер – 10 шақырым, әйелдер – 7 шақырым

35 жастан жоғары: ерлер – 7 шақырым, әйелдер – 5 шақырым

Жеңімпаздарға грамоталар мен бағалы сыйлықтар бар.

Қайырымдылық марафонынан түскен қаражат су басқан Сарысу, Борсеңгір елді мекендерінің тұрғындарына көмек ретінде жіберіледі.

Ескерту: 12-15 жас аралығындағы балалар тек ата – анасының рұқсаттама қағазымен ғана марафонға қатыстырылады.

Ұйымдастырушы:
Ұлытау ауданы әкімдігі және
«Арша Фаранд» ҚҚ.



8 (7102) 77-33-23
8 (71063) 7-05-55
8-777-707-05-55
8-775-158-57-23

ҮЛКЕН
ОРТА **БАЛЛОН** 2800 тг
1400 тг

Көтерме сатып алушыларға
жеңілдік!

Баллондарымыз толы!

Тегін жеткіземіз!

Ұлытау, Жезді, Қарсақбай, Өрнек әрбір айдың екінші және төртінші жексенбілері сайын.

Үлкен бос газбаллондарды
сатып аламыз.

Алдын ала тапсырыс беріп
отыруларыңызды өтінеміз.



«ҚАРСАҚБАҰ КЕНТІ ӘКІМІ АППАРАТЫ» ММ-СІ ЖӘНЕ КЕНТ ТҮРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА САНИТАРЛЫҚ ТАЗАЛЫҚТЫ, СӘУЛЕТТІЛІКТІ, КӨГАЛДАНДЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕНТІМІЗДІҢ ӘР ТҮРҒЫНЫМЕН МӘМІЛЕ-ШАРТ (МЕМОРАНДУМ)

«ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы, «Халық денсаулығы және Денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР-ның 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес кенттік, селолық елді мекендерді сәулеттендіру, санитарлық тазалау, көгалдандыру бойынша көктемгі екіайлықты өткізу мақсатында Ұлытау ауданының әкімі Х.Омаровтың 2015 жылғы 27 наурыздағы №14 Әкіміне сәйкес, Қарсақбай кенті әкімі Б. Нұрғазиновтың 2015 жылғы сәуір айының 1-дегі №18 Әкімімен «Кентті сәулеттендіру, санитарлық тазалау және көгалдандыру бойынша көктемгі екіайлықты өткізу туралы» осы мәміле-шарт жасалынды.

Осы мәміле-шарт бойынша кенттегі үй иегерлері өз үйлері аумағында санитарлық тазалықты қамтамасыз ету үшін төменде көрсетілген шарттарды мүлтіксіз орындауға міндеттенеді: үйін әктеп, шатырының екі бүйірін, есік-терезесін сырлауға; үйінің қоршауы болуы, оны біркелкі түзетіп, сырлануын қамтамасыз етуге; үй алдындағы сарай, мал, отын қора және дәретхананы

әктеп-сырлап, тазалығын сақтауға; үй ауласына ағаш отырғызу жұмысын жүргізуге; жекеменшік ірі қара малдарын таңғы сауымнан соң ауылдан тысқары айдап, кешкі сауымнан соң қамап ұстауға; күнделікті ауысыммен бағылатын қой-ешкі малдарын, бағымға шығарар алдында көше бойынан аулақтау жерге жинақтауға; тұрғын өз үйінің қоршауынан тыс **30-50м** жерге дейінгі аумақта тазалықты күнделікті қамтамасыз етуге.

Кент әкімдігі өз тарапынан санитарлық тазалықты қамтамасыз етудегі ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге, осы мәміле-шарттың орындалысын бақылап, іс жүзіне асыруды қамтамасыз етуге ықпал жасап, тұрғындармен бірлесе отырып түсінік жұмыстарын жүргізіп, қосымша іс-шараларды ұйымдастырады.

Осы мәміле-шарт екі жақтың ын-тасымен ерікті түрде жасалады және орындауды екі жаққа міндетті болып табылады.

«Қарсақбай кенті әкімі аппараты» ММ-сі.

Депутат және өмір

АЗАМАТЫН КӨРІП АҰЫЛЫН ТАНЫ

«Азаматын көріп ауылын таны» деген қазақта ұлағатты сөз бар. Өзінің өнерімен, үлгісімен келешек ұрпақты тәрбиелеп жүрген, біздің Борсеңгір ауылында азаматтар аз емес. Солардың бірі №10 Борсеңгір орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі Смағұл Жәнібеков.



Онжылдықты бітірген соң 1980 жылы Қарағанды қаласындағы Тәттімбет атындағы музыка колледжіне түсіп, 1981-83 жылдары Отан алдындағы борышын өтеуге әскер қатарына алынған. Әскери борышын өтеп келгеннен соң 1983 жылы қайтадан оқуын жалғастырып,

бітіріп шығып, 1986 жылдың тамызында онжылдық бітірген өзінің мектебіне оралады. Сөйтіп, оқушыларды ән-күй өнерінің сан түрлі саласымен таныстырып, шәкірттерінің жүрегіне жол таба білді. Күй өнерінің қас шеберлері, дауылпаздары Құрманғазы, Дина, Тәттімбет, Сүгір, Қорқыт, Ықыластардың күйін үйрете отырып, оқушылардың өнерге деген ықыласын, ынта-жігерін арттыра білді. Сонымен қоса «Атамекен» бағдарламасы бойынша үйірмеде бірнеше баланы үйрете білді. С.Жәнібековтің еңбектері бағаланып, республикалық «Ақ көгершін», облыстық «Күй қайнары», аудандық «Жас жігер» термешілер

байқауында оқушылары және «Ұлытау үні» фестивалінде өзі бас жүлдені жеңіп алып, халықтың қошеметіне бөленді. Қазіргі таңда халқының қалауымен өзінің қажырлы еңбегінің арқасында 2012 жылдан бастап V шақырылған Ұлытау аудандық мәслихатының депутаты болып сайланды. 2014 жылы «Қазақстан мәслихаттарына 20 жыл» мерекелік медалімен

марапатталды. Қазір мектепте «Атамұра» бағдарламасы бойынша жұмыс істейді. Бұл кісінің еңбектері жоғары бағаланып, республика, облыс, аудан бойынша әртүрлі марапаттарға ие болды. Жанұяда бес баланың әкесі. Сүттей ұйыған үйдің тірегі. Зайыбы Зағипа да ұлағатты ұстаз, яғни екеуі де халқы сүйсініп, ел батасын алған ардақты жандар.

Біз, С.Жәнібековке келешекте еңбегің жанып, өмірдің сан түрлі қиындықтарын жеңе біліп, биіктен көріне беруіне тілектеспіз.

Л.ЖҰМАТАЕВА,
№10 Борсеңгір орта мектебінің
төлімгері.

Мұхтар ДӘУІТОВ

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында кент әкімінің басшылығымен «Ерлік пен Даңқ» айлығы жарияланып, осы іс-шаралардың басы-қасында болған мұражайлықтар наурыз айында «Алтын тамыр» этнографиялық «Шебер-2015» қолөнер шеберлерінің фестивалін ашып, өзекті істің ұйтқысы болған еді. Наурыз айының өн бойында «ежелгі құйма өнері, ер қаруы – бес қару» интерактивті бейнелекция, «қазақтың қолданбалы өнері» этнографиялық көрме ұйымдастырып, «өлкедегі далалық ұстахана» көрме инсталляциясы да көпшілікті тәнті еткен болатын. «Жаңа күн, жарылқа елімді!» атты тақырыппен Қой жылын қарсы алуды ерекше ұйымдастырған мұражайлықтар Майра Рахимованың жасаған «Әжемнің ертегісі» тақырыбындағы педагогикалық-этнографиялық жобасы мектептегі оқушы балаларды елеусіз қалдырмады. Жалпы, мұражайлықтар қай уақыттарда болмасын өздерінің тамаша бастамасымен талайларды тамсандырып отырған ұжым.

Әдемі безендірілген этнографиялық киіз үй ішінде айналасына балаларды дөңгелете отырғызған ертегіші әже Зәбира Ибраева жасөспірімдерге ертегілердің түрі көп екендігін түсіндіріп, айтып жатты. Қазақтың халық ертегілері хайуанаттар туралы, қиял-ғажайып, аңыз ертегілер болып алуан түрге бөленеді. Музыка әуенімен экраннан түрлі ертегі кейіпкерлері көрсетіле бастағанда осы бейнелер қай ертегілердің кейіпкерлері екендігін табындаршы, –деп сұрақ қойды Зәбира апай. Ертегілер әлеміне лезде еніп кеткен балалар бұл көріністердің қай ертегіге

соң Тазша бала, Мақта қыз да бірінен соң бірі көрініс тауып, өздері жайлы сырларын ақтара бастайды. Сонда кесепат Ханшайым: «—сендер менің сарайыма келіп, ұйқы патшалығында адасып жүр екенсіңдер, мен сендерді қонақ етейін», деп алдап бәрін түгел ұйқытатып тастайды. Олар ұйқыға кірскенде Тазшаның тақиясын, Монтанның тісін, Батырдың найзасын, Мақта қыздың қолындағы мысығының құйрығын ұрлап алып, сандығына жасырып қойып, өзі де ұйқыға кетеді. Қараңғы түнекті мейірімді Періште жарық қылып ұйқыдағының бәрін

ТАУ-КЕН МҰРАЖАЙЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОБАСЫ



өзек боларын дәлме-дәл тауып, шешімін айтып жатты. Экрандағы бейнеде Алдар-көсе мен шық бермес Шығайбай, Ертістік пен айдаһар, Қаңбақ шал мен құйыршық екендігін тапқан балалар сол персонаждардан қысқаша әңгімелеп беріп отырды. Жүргізуші Г.Нұрғалиева «Ертістік» ертегісін балалық шағында Елбасымыз да қызыға оқып, кейіннен «Бәйтерек-Астана» кешенін ертегінің әсерінен салдырғандығын айтып, балалардың бәрін елең еткізді. Балаларға

оятып, тұрғызады. Осы сәтте шошып ояңған ұйқы Ханшайымы, «ұйқы бермедіңдер», –деп ренжіп, мейірімді Періштеге: «—сен қайдан ғана келе қалдың?» – деп таң қалады. Ақырында мейірімді Періште кейіпкерлерді ұйқы тұтқынынан босатып, бәрінің заттарын өздеріне қайтарып әкеледі.

Жобадағы қойылымның мақсаты ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін балаларды бағалауға үйрету, ұмыт



арналған жобада «Алтын сақа», «Қаңбақ шал», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмдері көрсетіліп, ертегілер әлемі балалардың жан дүниесін баурай түсті. Бір кезде жарық сөніп музыка үнімен ілесе шуылдаған бір топ ертегі кейіпкерлері ішке енеді. Батыр кейіпіндегі Арман Түсіпов: Үшкір найзам мінеки, қолымдағы, Жамандықты жайраттым жолымдағы, –десе, Мен мыстанмын, мыстанмын, Жақсылыққа дұшпанмын – деп аржақтан мыстан айқайлай шығады. Бұдан

болып бара жатқан Қазақ халқының ертегілерін жасөспірімдер арасында мән-маңызына сұрақ-жауаптар арқылы әңгімелесе, әдіс-тәсілімен түсіндіру болатын. Бұл ретте ертегі кейіпкерлері рөлінде ойнаған мұражай қызметкерлері А.Түсіпов, Ө.Лекеров, Қ.Елубаева, А.Төлегенова, М.Сүлейменова, З.Ибраевалардың алға қойған мақсаттарына жеткені сөзсіз.

Жезді кентіндегі Тау-кен балқыту ісі тарихы мұражайы.

Бұл мектептің негізі 1958-59 жылдары бұрынғы Қарағанды облысы Қарсақбай ауданының Сарысу кеңшарының орталығы Сымтас елді мекенінде алғаш рет құрылды. Бірінші кеңшар директоры болып Хамит Сәркеев деген азамат тағайындалды. Сол кезеңнен бастап мәдени шаралар, оқу-ағарту жұмыстары кеңінен қолға алынды. Сымтас елді мекеніндегі жетіжылдық мектеп Борсеңгір ауылына көшіріліп, 1961 жылы онжылдық болып, 1963 жылы онбіржылдық мектеп болып ашылды. Ауыл балалары өз үйлерінде болып, оқуға мүмкіндік алды. Бұл орта мектептің алғашқы директоры Жаңаберген Оспанов деген азамат болды. Ал 1963-64 оқу жылында аталған мектептің директоры болып Мінәжат Мыңқаев тағайындалды.

Алғашқы түлектер оқу жылын 1964 жылы жаңадан салынып жатқан кеңшар орталығы Борсеңгірде аяқтады. Бұл кісі осы мектепті үздіксіз 15 жыл басқарды. 1977-78 оқу жылында мектеп директоры М.Мыңқаевтың тікелей ықпалының арқасында, Борсеңгір ауылында сол замандағы озық технологиялармен жабдықталған қалалық үлгідегі, еңкебатты 350 оқушылық, жанында жырақтағы ауылшаруашылық еңбеккерлерінің балаларына арналған 150 орындық интернаты бар, жылыту қазандығы бар жаңа мектеп ғимараты салынып, іске қосылды. Білім беру ісін тереңдету мақсатында сырттан білімді мамандар шақырылып, мектеп пән мұғалімдерімен толықтырылды. Әртүрлі спорт секциялары жұмыс істей бастады. Мектеп директоры М.Мыңқаев күнделікті мәдени, спорттық, әртүрлі іс-шаралардың өтуін, тәрбие беру жұмысын өзі тікелей қадағалауға алып, бағыт-бағдар беріп отыруының арқасында №8 Борсеңгір орта мектебі көптеген жетістіктерге қол жеткізіп, аудан, облыс, республика көлемінде социалистік жарыстарда алғашқы орындарды иемденіп жүрді. Осындай қызмет жетістіктерінің арқасында, Қазақстан комсомолының 40 жылдығына орай, Жезқазған аудандық комсомол комитетінің секретары М.Мыңқаев 1962 жылы Мақтау қағазымен марапатталды. 1970 жылы Жетіқоңыр орта мектебінің директоры болғанда мектеп социалистік жарыста жоғары көрсеткіштерге қол жеткізгені үшін Жезді аудандық комитетінің Құрмет дипломымен марапатталды. 1974 жылы бірнеше дүркін социалистік жарыстардың жеңімпазы атанып жүрген №8 Жетіқоңыр орта мектебінің директоры М.Мыңқаев социалистік жарыстардың жеңімпазы медалімен марапатталды. 1988 жылы №8 Борсеңгір орта мектебінің мұғалімі, партия комитетінің

№10 БОРСЕҢГІР ОРТА МЕКТЕБІНЕ МІНӘЖАТ МЫҢҚАЕВТЫҢ АТЫ БЕРІЛДІ



секретары қызметін қоса атқарып жүргенде Бүкілодақтық XIX партия конференциясында жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін Қазақстан Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің естелік Құрмет грамотасымен марапатталды. Ұлағатты ұстаз М.Мыңқаев өскелең ұрпаққа білім берумен ғана шектеліп қоймай, оларды бос уақыттарында еңбекке баулуға да көп еңбек сіңірді. 1982-84 оқу жылдары аяқталысымен, өз демалысын сарп етіп 7-8-9 сынып оқушыларынан «Жас қайрат» құрылыс-өндірістік бригадасын құрып, совхоз орталығында екіжанұялық екі үйді сарайымен салдырып, совхоз экономикасына да өзінің зор үлесін қоса білді. Оның осы еңбектері аудан, совхоз басшыларының тарапынан зор ықыласқа ие болып, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

М.Мыңқаев директорлық қызмет атқарған Борсеңгір орта мектебін заман талабына сай білім мен тәрбие алып бітірген түлектер Мөрлібек Мұратбаев, Шахмұрат Ибадатов Жезқазған облысы әкімінің орынбасарлары, Жұмамәді Ибаділдин – 1995-2004 жылдары Жезқазған қаласының әкімі, Жезді аудандық комсомол комитетінің секретары, ұзақ жылдар Жезқазған облыстық, қалалық ДОСААФ

Ұлытау ауданы №10 Борсеңгір орта мектебіне ҚР Үкіметінің 2015 жылдың 16-ақпандағы №61-ші қаулысымен, осы мектептің негізін қалаушы, ақын, бар өмірін өскелең ұрпаққа білім беру жолына арнаған ұлағатты ұстаз, ұзақ жылдар директоры болған, Қазақ ССР-і білім беру ісінің үздігі Мінәжат Ибаділдаұлы Мыңқаевтың есімі берілді.

басқармасының басшысы Өсербай Қорғанбеков, Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы болған, қазір Педколледждің директоры Құсайын Жанаев, Жезқазған қаласының №9 орта мектебінің директоры Сәуле Балмағанбетова, жоғары дәрежелі дәрігер Болат Әлменбетов, Ұлытау ауданы білім беру бөлімінің басшысы болған Манарбек Қожахметов, т.б. да түлектер оқуды үздік бітіріп, жоғары лауазымды қызметтер атқарып, ҚР-ның гүлденуіне өздерінің лайықты үлестерін қоса білді. Осы күндері де бұл мектептің әр жылдардағы түлектері осы мектептен сол жылдары алған білімдерін шыңдап, жетілдіріп үлкен қызметтерге қол жеткізіп, өз Отандарына еңбектерін сіңіруде. Қазіргі ауыл әкімі Кенбай Наушарбанов, мектеп директоры С.Егізеков, мектептің әр жылдардағы директорлары Төлепберген Әденов, Сапар Данияров, Жезқазған қаласы ІІБ басшысының орынбасары, полиция полковнигі Нығмет Ибаділдин, Ұшарал мұнай тасымалдау басқармасының бас инженері Жанболат Күзеубаев, «Қазақмыс» корпорациясының жетекші мамандары Жағыпар Құлмұрзин, Қанат Баубек, Халық Банкінің Жезқазған өңірі бойынша филиалының операциялық басқармасының басшысы Азамат

Мыңқаев, Жезқазған мұнай тасымалдау басқармасының Борсеңгір станциясының басшысы Ғаламат Жұмабеков, Жезқазған мұнай тасымалдау басқармасының эксплуатация бөлімінің басшысы Дәулет Сұлтансейітов, Жезқазған сирек металл зауытының ауысым шебері Нұржан Шегебаев, Жезқазған мұнай тасымалдау басқармасының шеберлері Қамбар Құсайынов, Саламат Мінәжатов, т.б.

1979-80 оқу жылында мектеп директоры болып Шамбыл Данияров тағайындалса, 1983-84 жылдары Мөрлібек Мұратбаев, 1986-87 жылдары Алимаш Балмағанбетова, 1989-95 жылдары Төлепберген Әденов, 1995-98 жылдары Сапар Данияров, 1999-2003 жылдары Кенбай Наушарбановтар қызмет атқарса, 2004 жылдан бері, осы мектептің түлегі, білгір де білімді, талантты басшы Сүйіндік Егізеков басқарып келеді.

Мектеп 1978-79 оқу жылынан бастап №8 Борсеңгір орта мектебі болып аталса, 1997 жылы Жезқазған облысының Қарағанды облысына қайта қосылуына байланысты Борсеңгір ауылы Ұлытау ауданының әкімшілік бірлігіне қаратылып, яғни мектебіміз №10 Борсеңгір орта мектебі Коммуналдық Мемлекеттік мекемесі (КММ) деп аталуда.

Қазіргі таңда №10 Борсеңгір орта мектебі Мемлекет тарапынан алға қойылған мақсаттарды толығымен орындауда. Бұл мектепте бүгінгі күндері химия, орыс тілі, қазақ тілі, информатика кабинеттері қазіргі заманға сай жаңа технологиялармен жабдықталып, сабақтар өткізіледі. Спорт бойынша тоғызқұмалақ, теннис, волейбол, баскетбол секциялары, домбыра, би үйірмелері жұмыс істейді. Аталған секциялардың ішінде мектеп оқушылары волейбол бойынша Ұлытау ауданында өткізілген жарыста жүлделі 1-орынды жеңіп алып, облыста 4-орынға тұрақтады. Ұлттық тоғызқұмалақ ойыны бойынша мектептің құрама тобының мүшелері ретінде Мәдина Қонысбай, Диана Амангелдиева, Дария Совет, Қайыржан Әбдірахман секілді оқушылар 2013-2014 оқу жылдары тоғызқұмалақтан «ҚР спорт шебері И.Ю.Нольдтің жүлдесіне арналған облыстық ашық турнирдің» үздік ойыншысы, облыстық спартакиадалар, т.б. да номинацияларға ие болды.

ҚР Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың кеменгер басшылығының, кемел саясатының арқасында гүлденіп келе жатқан мектепке М.Мыңқаевтың еңбегі бағаланып, атының берілуі мектеп ұжымына ғана емес, борсеңгірліктерді қуанышқа бөледі.

ЕСКЕ АЛАДЫ БАУЫРЫН ҚАРЫНДАСЫ

Мінәжат Мыңқаев 1938 жылдың 1 қыркүйегінде Ұлытау ауданы Аралтөбе бірлестігінің екінші ауылында «Қабанбай» деген жерде дүниеге келген. 1-сыныпқа 1946-47 оқу жылында, осы ауылдың «Күйген баз» деп аталатын жерінде барған. 4-сыныптан кейін Жезқазған руднигінде оқыған. Содан кейін, қазіргі Жезқазған қаласы №26 мектебінде 7-сыныптан бастап оқып, 1956 жылы осы орта мектепті бітірген. Осы жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиеті факультетіне түсіп, оны 1960 жылы тәмамдап, ауылға оралған. Сол жылдан бастап №8 Жетіқоңыр орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен дәріс берген. 1961 жылы сол уақыттағы Қарағанды облысының Жезқазған аудандық комсомол комитетіне хатшы болып сайланған. Бірақ бір жылдан кейін қартаң әке-шешесінің жағдайына байланысты өтініш білдіріп, ауылға қайта оралып, мұғалімдігін жалғастырған. 1964 жылы осы мектептің директорлығына сайланып, 15 жыл бойы мектепті басқарған. 1979 жылдан бастап 2001-2002 оқу жылына дейін орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріп, 2003 жылы еңбек демалысына кеткен.

Мінәжат Мыңқаев дарынды, парасатты, оқығаны, өмірден көргені, түйгені мол білімдар адам болатын. Өте әділетті, кісіге арамдық ойламайтын, көргенін-білгенін өзгеге, шәкірттеріне үйретіп отырудан жалықпайтын. Үлкенді сыйлап, ілтипат, ізет білдіріп, кішіпейілділік таныта білсе, кішіге қамқор,

ақылшы бола білді. Еңбегінің жемісін бірнеше мәрте аудандық, облыстық оқу бөлімдерінен алған Мақтау қағаздары мен Алғыс хаттары дәлелдейді. Ол Қазақ ССР-нің ағарту ісінің үздігі белгісімен, ССРО халық ағарту министрлігінің грамотасымен, бірнеше мәрте сол уақытта мекемелер арасында өткізіліп тұратын Социалистік жарыстардың жеңімпазы болып, 1974 жылы оның төсбелгісімен марапатталған. 1983-84 оқу жылында ҚР Оқу министрлігі ұйымдастырған қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиетінің оқытылуы жайлы семинарды Республикадағы үздік мектептердің бірі ретінде, осы Жетіқоңыр №8 орта мектебінде өткізуді облыс, аудан басшылары ұйғарған. Осы семинарды өткізу делегаттарын Социалистік Еңбек Ері Рафиха Нұртазина бастап келіп, Мінәжат Мыңқаев оқытқан балалардың білімдері өте жоғары екендігіне көзі жеткендігін айтқан. Өйткені, Р.Нұртаниның өзі өткізген бағдарламадан тысқары материалдан 5 бала 5-тік баға алып, білім сапасын айқындап берді.

М.Мыңқаев үлкен жүректі педагог, баланың жан-дүниесін терең түсінетін психолог еді. Өмірден түсінгенін, шәкірттерге білімнің қыр-сырын үйрете жүріп, өзі де өмірден тәлім ала отырып, жыр жол-

дарына тоғыстыра білген, ақындығы да мол болатын. Оның дәлелі «Үш қиян» баспасынан 2004 жылы жарық көрген «Сырымды менің кім білген» өлеңдер жинағы. Негізі бұл кітапқа соңғы жылдары жазылған өлеңдері ғана кірген. Мінәжат өлең жазуды студент кезінде бастаған. Бірақ өзіне сын көзбен қарай білетін ол өлеңдерін жария етпеген, әлі де зерттейтін, топтастыратын еңбектері көп. Ол алдағы уақыттың еншісінде. Мінәжат туралы қандай жан екендігін паш ететін өзінің өлең жолдарымен дәлелдегім келеді:

Жоқ демеймін,
Аз демеймін менде мін
Өздеріңдей жұмыр басты пендемін.
Өз ақылым кейде өзіме жеткенмен,
Кейде достың ақылына кендемін.
Дал боламын...
Әлде бекер болды ма,
Адалдыққа, әділдікке сенгенім...
Дархан деген, жайсаң деген тірліктің,
Татып көрдік, тұщысын да кермегін.
Мен сүрінсем, маған сүйеу болатын,
Алтын тұғыр – мынау туған жер дедім.
Жаза бассам,
Жаңсақ кетсем кей-кейде
Демеуім де, сенерім де – елдемін.
Достық ниет білдіргеннің бетіне,
Төңкерілсе-дағы аспан – келмедім.

Қаймықпадым бетке тура қарауға,
Адалдығымнан да шығар ол менің.
Сыпсың сөздің шылауына түспедім,
Жылпостардың жалғанына көнбедім.
Сондықтан да өрледім,
Сондықтан да төрдемін!

М.Мыңқаев бірнеше рет аудандық мүшәйраларға қатысқан. Өлеңдері Жезді аудандық газетінде жарық көрген. Ауырып жүргеніне қарамай еңбек етіп, шамасы кеткен уақытта отырып қалған Мінәжат 2008 жылы 27 шілдеде ауыр науқастан қайтыс болды. Сол себепті ол кісі өзі табан аудармай 41 жыл еңбек еткен мектептің атын беруге әбден лайық деп тұжырымдауға болады. Бұл өмірбаянды педагог-ақынның өз өлең жолдарымен тәмамдаған дұрыс болар еді:

Ей, адамдар!

Бастарыңды ій тоқтай ғап,
Бұл жалғаннан өтті арманда

көп бейбақ.

Сұм ажалға тоқтам салар кім бар-ды,
Алып-қашар түпсіздікке қақпайлап.
Қазған ор мен құрған тор бар, абайла,
Епті болсаң құз-жарға мол соқпай бақ.
Тарпандықтан тапқандар да көп емес,
Асып-тасу пендеге бұл жақпайды-ақ.
Тірлік жолы тегістіктен тұрмаған,
Ойлы-қырлы, енді бірде көктайғақ.
Сондықтан да кесірлікті қайтесің?
Ізгілікке аялдашы ат байласың.

**Шахбазия ИБАДІЛДИНА,
қарындасы, қарт ұстаз,
Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі.**



ЕЛДІККЕ ҚОЗҒАЛЫС – ҰЛЫТАУДАН

(Соңы. Басы газетіміздің өткен санында).

Хан шешіміне наразы халық пен Шаһбұтақ сарбаздары арасында қақтығыс болып, Шаһбұтақ қаза табады. Шаһбұтақтың қазасын естіген Керей мен Жәнібек өзара ақылдасып, бұрынғы сөз салған Есенбұға ханға астыртын елшілікке Керейдің үлкен ұлы Бұрындықты аттандырады. Бұлай еткені Әбілқайырдың бұл екеуін де аман қоймасын түсінгені. Есенбұға хан уә-

жердегі жоғарғы жағы селеулі жазық, төменгі өзенге құяр беті терең сай болатын жазыққа келіп тоқтап, киіз үй үстіне бақанға көйлегін байлап жалау етіп, бағдарлап күтеді. Сол жердегі терең сай «Жалаулы» деп атануда бұл күнде. Осы «Жалаулы» сайы бойында баба жолын қуаттаған қазақтың өз алдына ел болуын аңсап, арыстанша алысып, жолбарысша жұлысып, қасық



десінде тұрып, Талас өзенінің бойынан Шу-Балқашқа дейінгі аумақты бөліп беруге келіскендігін хабаршы Бұрындық жеткізеді. Содан Керей мен Жәнібек бастаған ұлан-асыр көш, жүк тиеген түйелер, күймелі арба, аттылы-жаяу халық ханның жазғы ордасынан аттанып, бір айға жуық жүрсе керек.

Керей мен Жәнібек бастаған қазақ тайпаларының көшіп кеткені туралы хабар Әбілқайырға да жетеді. Хабарды естіген хан қаһарына мініп, Қобыландыға көп әскер жинап беріп, «Сенің әлегіңнен кетті, енді, кінәңді жу, көнсе кері айдап кел, көнбесе енбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін қырып сал да, қалғанын олжала» деп тапсырма береді. Қобыланды қатты қайғырып, үйінде теріс қарап жатып алады. Әскер басылары «Батыр қашан аттанамыз?» деп қайта-қайта келеді. Батырдың зайыбы-анамыз өте ақылды адам болса керек, «батыр, ханға көз қылып аттан, бірақ, былай шыққаннан кейін әскерді қалдыр, кінәң-арыңның садағасы болсын, қазақтың алдында. Бар да басыңды өз еркіңмен ұсын, не көрсен де жеке өзің көргенің жақсы» дейді. Батыр ойланып, осы байламға тоқтап, әскерді бастап аттанады. Біраз жүрген соң әскерін Кекілік тауында қалдырып, өзі қазақ көшінің соңына түседі. Қуып жеткен бойда Ақжол бидің әкесі Қодан тайшыға келіп, қылышын қынынан суырып қолына ұстатып «міне, алдыңа өзім келдім, балаңның кегін ал, басымды шап» дейді. Сонда Қодан тайшы «иілген басты қылыш кеспес болар» деп қылышты лақтырып жіберіп, домбырасын алдырып, бір зарлы күй шертіпті. Бұл күй «Қодан зары» деп аталған екен. Қазақты қырғыннан сақтап, кешірімдесіп табысқан Қобыланды өз қандастары жағына өтіпті. Әскердің соңынан ере шыққан жары сол Хан ордасы тұрған жерден сол-түстік батысқа қарай 120 шақырымдай

қаны қалғанша күресіп өткен халық батыры, 1924 жылы Қызыл империя жасағының қолынан қаза тапқан Құлан қыпшақ Кейкінің бассыз денесі мәңгілік тыныстауда.

Тарихшылардың дерегіне сүйенсек, Қобыландының Ақжол биді өлтіруіне себеп болған жағдай — Самарқанды басып алып тонағанда Ұлықбек немересі Рәбия сұлтан бегім де Әбілқайыр хандығына алынса керек. Сол Рәбияда Ақжол бидің де, әскербасы Қобыландының да көңілі болған. Әбілқайырдың да бұларға деген наразылық көңілінен өзара іштей өшпенділікте болып, соңы Ақжол бидің өлімімен аяқталады. Қобыланды Әбілқайырдан қол үзіп, Қазақ қосынына қосылғанда Рәбия сұлтан бегімді Әбілқайыр хан төртінші әйелдікке алған делінеді. Кейін Әбілхайыр хан да, Рәбия сұлтан бегім де Қожа Ахмет Яссауи кесенесі іргесіне жерленген.

Әбілқайырдан бөлінген елдіктің алғашқы қозғалысы-көші Ұлытаудан бастау алған Қазақ хандығы Шу Қордай өңірінде, болашақта Ертістен Еділге, Сібірден Қызылқұмға дейінгі алқапты алып жатқан өңірде Қазақ хандығының туын тігіп, Қазақ елінің іргетасын қалайды. Керей мен Жәнібекке қолдау көрсетіп, елдік мұратқа атсалысқан батыр бабамыз Қобыландының ерлік іс-қимылының тарихта өз орны бар екені күмәнсіз.

Қобыланды бабамыздың зираты Ақтөбе облысындағы Қобда ауданында Ресеймен шекараға жақын жерде орналасқан. Сол өңірдегі ұрпақтарының күшімен зираты жаңартылып, мүсіні орнатылып, мемлекеттік қорғауға алынған.

Ұлт мүддесі жолында ұлағатты істерге негіз қалаған бабалар рухына Алланың рахметі жаусын!

Жақыпбек ДАЙЫРОВ,
еңбек ардагері, өлкетанушы.



Биыл Ұлы Жеңісімізге 70 жыл толмақ. Қысталаң жылдары қан майданда Отан үшін от кешкен қаһармандардың өшпес ерлігі әрбір азаматтың жүрегінде сақталады. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар

достары жайында естелік айту соғыс ардагеріне оңайға соққан жоқ. Өмір жолдары қарапайым болса да өнегелі істері кейінгі ұрпаққа тағылымы мол, патриоттық тәрбие болары сөзсіз. Ұлы Жеңіске Қарсақбай өңірінің еңбеккерлері өз септігін тигізді. «Бәрі де майдан

ҚАДІРЛІК ҚАРТТАРДЫ, МАЙДАНГЕРДІ!

өткізілуде. Сондай іс-шаралардың бірі Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдірахман Ербосынұлымен өткізілген кездесуге кент әкімі Б.Сабырұлы және Мәдениет үйінің қызметкерлері қатысты. Соғыс ардагерін арнайы құттықтап, дайындаған сыйлықтарын табыстады.

Кездесу барысында соғыс жылдарында басынан кешкен оқиғалары жайында еске түсірумен қатар, сұм соғыстың сойқанында мерт болған

үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұлы ұран тылдағы еңбеккерлердің өмірлік мақсаттарына айналып, олардың жігеріне күш-қайрат қосқаны баршаға мәлім.

Біз, Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік көрсеткен батырларымызбен мақтанамыз,—дейді қарсақбайлықтар.

А.ТОҚМЕТОВА,
Қарсақбай кентінің жастармен жұмыс жасау орталығының инспекторы.

МЫҢ ТАҒЫМ САҒАН, МАЙДАНГЕР!

Қарсақбай кенті әкімдігі және Жастармен жұмыс жасау орталығы инспекторының ұйымдастыруымен «Ардагерлерді ардақтайық!» атты жобасы аясында еріктілер тобы Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдірахман Ербосынұлының үйіне барып, түрлі көмек көрсетті. Аталмыш шараға кенттің отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының медбикісі Зәуре Сыздықова, Қарсақбай кентіндегі жастармен жұмыс жасау орталығының инспекторы А.Тоқметова, Ұлытау ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің Қарсақбай кентіне қарасты қызметкері Наурызгүл Дүзгенбаева, кенттің әлеуметтік қызметкері Жадыра Телбаева және Агротехникалық колледж оқушыларынан құралған еріктілер тобы қатысты. Көмек көрсету барысын-

да медбикі З.Сыздықова ардагердің денсаулығына аса мән беріп, қан қысымын өлшеп, қажетті дәрі-дәрмектерін берді. Әлеуметтік қызметкер Ж.Телбаева мен еріктілер тобы ардагердің тұрмыстық шаруаларына көмектесіп, аула айналасын тазартып берді.

Бүгінгі күндері зейнеткердің үйіне аптасына бірнеше рет медициналық, әлеуметтік қызметкерлер келіп үй шаруасына көмектесіп, денсаулығын бақылауда ұстап отыруды әдетке айналдырған. Ал, ардагер қария өзіне көрсетіліп жатқан осындай қамқорлыққа ризашылығын білдіріп, баршаға ақ батасын берді.

Ж.ЕДІЛБАЕВА,
Қарсақбай кентінің жастармен жұмыс жасау орталығының қызметкері.

БӘРІ ДЕ СОҒЫС ЖАЙЛЫ

Ұлы Жеңістің 70 жылдығын тойлауға санаулы күндер ғана қалды. Сол себепті Жезді мектеп-интернатында тақырыптық іс-шаралар өтуде. Атап айтсақ, 2015 жылдың 9-сәуірінде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жанат Сыздықова жазушы Александр Бектің «Волоколам тас жолы» атты шығармасы бойынша ашық сабақ өткізді. Бұл сабақ мультимедия кабинетінің ақпараттық құралын пайдаланумен өтті. Мультимедия арқылы Москва түбіндегі шайқас пен Б.Момышұлы туралы слайд-шоу көрсетілді. Оқушылар сабақ барысында топқа бөлініп, жұмыстарын тақта алдында, топ басшылары қорғады. Сабақтың мақсаты Бауыржан Момышұлының кім екенін оқушыларға таныстыру, патриоттық сезім, Отанға деген сүйіспеншілік тәрбиелеу. Бұл сабақ тәжірибесін жетілдіру жолында ұшайлық курстан өтіп жүрген ұстаздар А.Қыдырманова, Ә.Құдыкеновалардың қолдауымен өтті. Ал, осы

жылдың 15-сәуірінде орыс тілі апталығы шеңберінде мектептің акт залында Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Күнтуғанованың «Поклонимся тем годам», Ж.Сыздықованың «Стихи и песни военных лет» атты сыныптан тыс тәрбие сағаттары өтті. Бұл іс-шарада 7 «а» сынып оқушысы Ә.Әбдіқадыр В.Высоцкийдің «Он не вернулся из боя», 8 «а» сынып оқушысы Ә.Амантай Б.Слуцкийдің соғыс туралы жырларын жатқа оқыды. Ал, 6 «а» сынып оқушысы Д.Сыздықов «Катюша», Ж.Өмірбек «День Победы» әндерін нақышына келтіріп орындады.

Кеш соңында соғыс кезінің таны мал әндерінің бірі «Моя любимая» әнін Ж.Сыздықова орындап, іс-шараның өтуіне информатика пәнінің мұғалімі Е.Еңис және мектеп оқушылары белсене атсалысқан болатын.

Ратхум ИБРАГИМОВ.
Жезді кенті.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды



ОЛАР – БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ


Жерлес ақынымыз, Жазушылар одағының мүшесі С.Нәкеновтің «Ұлытау» өні және осы әнді нақышына келтіре орындаған Ж.Сейіпиевтің әуенінің ырғағы қай қазақты болмасын тебірентіп жіберетіні хақ.

Мысалы, осы өлеңнің мына бір шумағына назар аударайықшы:

«Өткенімнің мұң әнімін,
Өз елімнің ұланымын.
Егер саған тартпай тусам,
Мен алдында кінәлімін». – Бұл

сөздің мағынасының өзі қайда жатыр десеңізші.

Мен бұл мақаламда Ұлы Жеңіске 70 жыл толуына байланысты қазақтың тұңғыш әскери ұшқыш командирі Серікбай Асатов, өздерінің қаламдарынан туған шығармаларымен кімді болмасын ойландыратын, жүрегімізге уялатып із қалдырған белгілі публицист-жазушы Баубек Бұлқышев, жазушы Мұқан Иманжанов жайлы сөз қозғағым келеді.



Осы үш аталарымыздың өмір жолдары бір-бірімен өте тығыз байланысты, тіпті олардың ішінен біреуі туралы дерек іздесеңіз, бір-бірінің жанынан табылады. Аталарымыздың құрметіне Ұлытау селосында көше аттары берілген. Олар балалық шақтарында Қарсақбай ФЗО-сында бірге оқыған. Біз осындай батыр аталарымыздың қайсарлығын, ерлігін айтып жүретіндей, оны өнеге, үлгі тұтатындай және ұмытпайтындай етуге міндеттіміз.

Қолдарынан қаламы түспеген Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжанов бір жылда, яғни 1916 жылы туған. Келесі жылы осы аталарымыздың 100 жылдығы құрметіне арналған салтанатты іс-шаралар өтеді. Бүгінде Ұлытау селосында тұрған олардың ескерткіші – аталар болмысын мәңгілік ел есінде сақтамақ.

Өйгілі режиссер Пискунов Юрий Борисович Серікбай Асатов пен Баубек Бұлқышев туралы 1978 жылы «Байқоңырдан шыққан екеу» атты деректі фильм түсірген, онда аталарымыздың ерлігі, болмысы жайлы баяндалған. Осы «Байқоңырдан шыққан екеу» фильмін Ұлы Жеңіске – 70 жыл толу қарсаңына сәйкес, ескелең ұрпаққа таныстыру мақсатында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ-ның мұрағатынан арнайы сұратып алдыртып, ауданның Мәдениет және тілдерді дамыту, ауданның білім бөлімдеріне берілді.

Серікбай Асатов 1912 жылы Аманкелді ауылы, Сарлық селосында туған. Ата-анасы қайтыс болған соң оны туыстары Атбасардағы интернатқа жібереді. 11 жасында Қарсақбай ФЗО-сына алынған, онда ол Мұқан Иманжанов, Баубек Бұлқышевпен бірге оқыған, 1928 жылы Қарағанды ФЗО-сында оқиды. Орыс тілін жақсы меңгеріп алады. 1932 жылы міндетті әскерге шақырылып, 1933 жылы комсомолдық жолдамамен әскери ұшқыштар мектебіне оқуға түседі. Оны бітірген соң Москвадағы Внуково әуежайында қысқа қашықтықта ұшатын ұшақта ұшқыш болып қызмет істейді. Осы Внуково әуежайының кассирі Ирина Акимовамен 1938 жылы отбасын құрады. 1940 жылы №7 алысқа ұшатын бомбалаушы авиация полкінің звено командирі ретінде Финн соғысына қатысып, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталады. 1941 жылы Москвада тұңғышы Маргарита өмірге келеді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда әскерге қайыра шақырылып, Мурманск аралда-

рында шоғырландырылған ұзаққа ұшатын авиация полкінің эскадрилья командирі ретінде немістердің Берлин қаласын бомбалауға қатысқан жалғыз қазақ осы Серікбай Асатов болатын. Москва-Смоленск бағытында неміс басқыншыларын 300 шақырым қашықтыққа кері қуудағы көрсеткен ерліктері үшін 1941 жылы 11 қыркүйек айында «Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Ол сол кездегі әйгілі «ИЛ-4» ұшағымен ұшқан. Орел-Курск бағытындағы 4-ші Украина майданында болады. 1942 жылы 27 мамырда қазіргі Калининград (бұрынғы Кенингсберг) қаласын азат етудегі тапсырмасын орындап, майдан шебінен өте бергенде ұшаққа оқ тиіп қасындағы атқыштарына «парашютпен секіріңдер» - деп бұйрық беріп, өзі

өртенген ұшағымен Балтық жағалауындағы жау кемесінің үстіне түсіп, ерлікпен капитан шенінде қаза тапқан.

Серікбай Асатовтың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Серікбай Асатовтың «ИЛ-4» ұшағының техникалық сипаттамасы

Бұл ұшақ өз заманында ең жылдам, алысқа ұшатын және ауыр салмақ көтеретін болған.

Шыққан данасы	5256
Шыққан жылы	1941
Мотор	М-88Б
Алымдылық	2*1100 л.с.
Ұзындығы	14,76 м
Қанатының ұзындығы	21,44 м
Бір қалыпты ұшу салмағы	9470 кг
Ұшу кезіндегі ең көп көтеретін салмағы	11570 кг
Жоғары жылдамдығы	6800 м
Ұшу биіктігі	422 км/сағат
Бір қалыпты бомбалық жүкпен ұшу алшақтығы	8900 м
Бір қалыпты бомбалық жүк	3800 км
Ең көп бомбалық жүк	1000 кг
Қару-жарағы	2500 кг
	1 пулемет 12,7 мм; 2 пулемет 7,62 мм;

ҚР Қорғаныс министрі Тасмағанбетов Иманғали Нұрғалиұлына істен шыққан ұшақтың қаңқасын сұрап, хат жаздық. Ол ұшақты С.Асатовтың туған жеріне қойып, келер ұрпаққа тарихи мұра, жәдігер есебінде қалдырғымыз келеді.

Қазақ әдебиетінің айтулы қаламгері, Қазақстанның құрметті журналисі, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Ғаббас Қабышұлы Баубек Бұлқышевті тегіннен-тегін «көсемсөзші» демеген.

Баубек Бұлқышев 1916 жылы Ұлытаудың бауырында дүниеге келген. Ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. Оның оқуына жақын туысы Сейтжан Смайылов мұғалім көп ықпал жасайды. 1932 жылы Қарсақбай заводындағы фабрика-завод училищесіне оқуға түседі. Осы жылы әкесі мен шешесі қайтыс болады. Оқудан кейін ол «Ұлытау» кеңшарының сүт фермасында



есепші болған. 1937 жылы Алматы сауда-финанс техникумына оқуға түседі. 1939 жылы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, «Октябрь балалары» газетінің бөлім меңгерушісі болған. 1940 жылы әскер қатарына шақырылады да, Мәскеуде сапер училищесінде оқиды. Жалынды публицист, ержүрек жауынгер Мәскеуді қорғады. Украинаны азат ету шайқастарының бел ортасында болды. 1944 жылдың бас кезінде майданда қаһармандықпен қаза тапты.

Баубек көптеген өлеңдер жазып, баспасөз беттерінде жарияланды. «Алматы – менің туған қалам» атты бітпей қалған романы және «Айсұлу» деген поэмасы бар, шығармашылық дарыны Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңінде ерекше көрінді. Ұлы Отан соғысы кезінде әскери очерк жанрының қалыптасуына майдан газеттері елеулі үлес қосып, әскери тілші Б.Бұлқышев ұрыс шебінде жүріп, көрген-білгендерін реалистік тұрғыда баяндап, патриоттық сезімге толы туындылар берді. Оның очерктері соғыстың шынайы қалпын суреттеп, қазақ жауынгерлерінің қайсарлығын, жау жүректілігін өз көздерімен көріп жазғандықтан қарапайым халықтың жүрегінен жол тапты.

1942 жылы 1 мамырда «Комсомольская правда» газетінде «О жизни и смерти» (Записки молодого казаха фронтовика) деген өршіл, отаншыл публицистикалық мақаласы шықты. Ол өзінің әскери очерктері мен публицистикасын орыс тілінде жазып, үнемі «Комсомольская правда» газетінде жариялап отырды. Б.Бұлқышевтың «Я хочу жить», «Жизнь принадлежит нам», «Коварство и любовь», «Письмо сыну Востока», «Слушай, Кавказ», т.б. мақалаларын көрнекті жазушы Ф.Мүсірепов қазақ тіліне аударып, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жариялады. 1946 жылы Мәскеуде шыққан «Жизнь солдата» жинағына Б.Бұлқышевтің майдандық публицистикасы енді. Оның көркем әдеби мұрасы 1948 жылы М.Иманжановтың редакциясымен шыққан «Өмір біздікі» кітабында, сондай-ақ «Жауынгер мәңгілігі» кітабында жинақталған. Ақтық минутына дейін еліне, шексіз беріліп, мүлтіксіз қызметпен совет армиясында қатардағы жауынгерден аға лейтенантқа дейін өскен, коммунист жазушы Б.Бұлқышевтың қысқаша өмір жолы, міне, осындай.

«Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдары болатын. Бір күні «Социалистік Қазақстан» газетінде «Қош бол, шығысұлы» деген публицистикалық эссе жарық көрді. Ол майданда Отан үшін оққа ұшқан өжет командир, жалынды жас жазушы Б.Бұлқышев туралы болатын. Соңында автордың «М.Тауұлы» деген бүркеншік аты тұрды. Оны оқығандар ойлы да әсерлі әңгімеге айрықша тебіренді. «Мұны жазған кім болды екен?» - десті. Біреулері: «Ғабит Мүсірепов шығар» - деді. Ал ол шығарманың авторы адал да еңбексүйгіш өте кішіпейіл, қарапайым азамат, қазақ совет балалар әдебиетінің



қалыптасып көркеюіне көп еңбек сіңірген жазушы Мұқан Иманжанов еді».

Мұқан Иманжанов Ұлытау ауданында 1916 жылы дүниеге келген. Ұлытаудағы жетіжылдық мектепті бітіріп, Қарсақбай поселкесіндегі ФЗО мектебіне түседі. 1935 жылы Алматыдағы финансы-экономика техникумына оқуға түседі. Бұл техникумды бітіріп шыққаннан соң, 1938 жылы Қазақстан Жазушылар одағы жанында ашылған алты айлық курста оқиды. 1941 жылға дейін радио хабарын тарату жөніндегі республикалық комитетінде редактор болған. **1942-43 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер, 1943-49 жылдары бөлім меңгерушісі, 1948-58 жылдары «Пионер» журналында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетін сырттай оқып, 1952 жылы бітіреді.**

Мұқан Иманжановтың публицистикалық мақалалары, очерктері мен әңгімелері әрдайым газет-журналдарда жарияланып тұрды. Ол өз заманы мен халық тағдырын алға тарта отырып, сол қоғамда болған әр алуан оқиғаларды, құбылыстарды, өзгерістерді, болмысты, тіршілік іс-әрекеттерін жинақтап барып, көркемдік шындыққа қол жеткізді.

1948 жылы азамат жазушының «Жастық» атты тұңғыш әңгімелер жинағы баспадан шықты. Бұл жинақта Ұлы Отан соғысы кезіндегі және соғыстан кейінгі қауырт еңбекті, колхоз өмірін, жастар арасындағы адал махаббат пен достықты шынайы да тартымды көрсете білді. Оның публицистикалық мақалалары 1953 жылы «Азамат мақтанышы» деген атпен жаңа кітап болып басылып шықты. 1955 жылы «Тылдағылар» атты әңгіме, очерктер кітабын жазды.

Мұқанның әдеби-журналистік қызметі 1938 жылдан басталғанымен, оның жұртшылыққа кеңінен танылуы Ұлы Отан соғысы жылдары. Оның әңгімелері республикалық баспасөз бетінде осы кезеңде жиі басылып, алғашқы жеке кітабы «Тау ұлы» деген атпен оқырман қолына тиген. М.Иманжанов шығармашылығының негізгі желісі жастар өмірі, олардың адал арман-тілегі, адамгершілік, парасат мәселесі. Шығармашылық жолын қысқа әңгімелермен бастаған. М.Иманжанов қаламынан көптеген көркем очерк пен публицистикалық туындылар, повестер, пьесалар, әдебиет мәселелері жөніндегі толғаныстар, аяқталып үлгермеген «Көк белес» романы дүниеге келді. М.Иманжановтың біраз туындылары орыс тіліне аударылған. 1980 жылы қазақ совет жазушысы Мұқан Иманжановтың өмірі мен қызметі, шығармашылығы жайлы мақала, естелік, хаттар жинағы «Өркен» деген атпен «Жалын» баспасынан шықты. Оның қалың оқырман көңілінен шыққан «Алғашқы айдар» повесіне 1950 жылы Жамбыл атындағы республикалық бірінші бәйге берілген. «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірнеше медальмен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ол 1958 жылы 18 наурыз күні қайтыс болған.

Міне, біз осындай аталарымызбен мақтанамыз.

Д. ЖҰМАНОВ.



Аудандық білім, денешынықтыру және спорт бөлімінің ғимаратында Оқушылар үйі ұжымының ұйымдастыруымен «Ер есімі – ел есінде мәңгілік сақталады» тақырыбы аясында ашық көрме өткізілді.

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ МӘНГІЛІК САҚТАЛАДЫ

Қайрат ЖҰМАБАЕВ

Көрме басталмас бұрын Ұлы Отан соғысында қаза тапқан боздақтарымызды бір минут үнсіздікпен еске алып, сұрапыл соғыста қысылтаяң



шақта қолына қару алып, теңдессіз ерлік көрсеткен, қанқұйлы жауды ойсырата жеңіп, Отанын қорғаған қайсар рухты майдангерлеріміз жайлы баяндама оқылды. Осыдан кейін Жеңіс

Көрмеге Ұлы Жеңістің 70 жылдығына байланыстырылып, тақырыпқа сай бейімдеген оқушылардың таңғажайып дүниелері қойылды. Он саусағынан өнер саулаған жас жеткіншектердің қолөнеріне жиналған қауым риза болып, таңырқай қарасты. Осы дайындалған қолөнер туындылары Жеңіс күнінің жарқын көрінісін деп басып, көз алдына шынайы бейнені әкелгендей күй келтірді. Көздің жауын алатын қолөнердің сан алуан түріне қарап, шәкірттердің жетекшісін іздей бастадық. Сөйтсек, он қолынан өнер тамған қас шебер Манат Серікбайқызы екен. «Ұстазы талантты болса, шәкірті талантты болар» деген осы екен-ау, деп ойымызды түйіндедік.

Көрме өткізу барысында Оқушылар үйінің үйірме жетекшілері өзіндік ерекшелігімен көзге түсті. Тіл мәдениеті бойынша Ә.Ниязованың оқушылары сөз шеберліктерін байқатып, Отан, Жеңіс тақырыбына байланысты өлеңдерін мәнерлеп оқып, мәдени іс-шараның шырайын аша түсті. Өлке табиғаты үйірмесінің жетекшісі Т.Байболовтың жұпар иісті гүл шоқтары көңіл хошын келтіріп, бойды сергітті. Осындай заман талабына сай озық үлгіде игі істер атқарып келе жатқан мұғалімдерге Оқушылар үйінің директоры Қ.Әубәкіров алғысын білдірді. Үйірмеде білімін шыңдаған



күнімен құттықтаған жігерлі жігіттің асқақ үні естілді: Жаңғыртып ән мен аспан кеңістігін, Халқымыз қуанышта тегіс бүгін Жауды жаншып, Отанды азат еткен, Құрметтеп қарсы алды Жеңіс күнін, –деп А.Оспан өлең шумағын төгілдіре түсті.

шәкірттеріне сенім артып, арнайы Мақтау қағаздарымен марапаттады. Шынында да, Оқушылар үйінің мұғалімдері жас жеткіншектерді сан қырынан көрсетіп, үлгі-өнеге нышанын байқатып, көш басында келеді. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген осы болар.



Ұлы Отан соғысының отты жылдарында майдандағы жауынгерлер де, тылдағы еңбеккерлер де бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, Жеңіс үшін бар қажыр-қайратын жұмсады.

Ұлы Жеңісті әкелген де осы майдан мен тылдың біртұтас қимыл-әрекеті еді. Майдан даласында ерлікпен қаза болғандарды есте сақтау, арамызда жүрген соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсету – әр азаматтың парызы. Оқушылардың патриоттық сезімін арттырып, егемендіктің қадірін кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында №1 Ұлытау орта мектебінде көптеген іс-шаралар ұйымдасты-



рылуда. Сондай шаралардың бірі оқушылардың қолымен жасалған экспонаттар мен қылқалам туындылары көрмесі өткізілді. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруден қатар қолөнер шеберлігіне баулуда мектебіміздің жоғары санаттағы бейнелеу өнері, сызу және технология пәндерінің мұғалімі Қ.Мұқанов өзінің шеберлігін аямауда. Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының сурет салу өнерінен кенде емес екенін дәлелдеген Ж.Сексенбаева ұйымдастырған «Құрбандарға тағзым, ардагерге құрмет» атты сурет көрмесі дәлелдеді. Көрмеде үздік сурет салу шеберлігі «Балдырған» әдістемелік бірлестігінің Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қоса оқушыларға сұрапыл

ҰРПАҚТАР ҰМЫТПАЙТЫН ҰЛЫ ЖЕҢІСІ

соғыстың батырлары жөнінде мәліметтер бере отырып, кейінгі ұрпаққа ата-әжелерінің қайтпас қайсарлығы мен өшпес ерлігін насихаттау мақсатында А.Кәріеваның ұйымдастыруымен 2 «ә» сыныбында «Отты жылдар шежіресі», Ә.Кенжебаеваның ұйымдастыруымен 3 «ә» сыныбында «Ер есімі – ел есінде» атты ашық сынып сағаттарының алар орны ерекше. Ал, Л.Жанұзақованың

ұйымдастыруымен 10 «ә» сыныбының оқушылары «Ұрпаққа ұран – ұлы есім» атты сынып сағаты жан-жақты ізденудің жемісі екені көрініп тұрды. Оқушылардың майдан жөнінде айтқан өлеңдері, шеберлікпен сомдалған көріністері көрермендерді сол соғыс жылдарына алып кеткендей әсер қалдырды. Кітапханашы Н.Махметованың ұйымдастыруымен Абай залында қойылған «Ұлы Жеңіс жайлы тарихтар» атты кітап көрмесі де оқушылардың білімін кеңейтті.

Жұлдыз ТҰРСЫН,
№1 Ұлытау орта мектебінің
педагог-ұйымдастырушысы.

ЖАСТЫҒЫН ЖАЛЫН ШАРПЫҒАН

Жеңіс күні. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың

Бекзат Мәделханов бір ай бұрын бастады. Сынып оқушыларын ұйымшылдықпен ұйымдастыра отырып, ауылдағы ардагерлердің отбасынан көптеген мәліметтер жинақтады. Ауылымыздағы тыл ардагерлерінің үйлеріне барып көмектесті. Бекзат сынып оқушыларымен, ата-аналарымен үнемі тығыз байланыста болып, кез келген мектепшілік іс-шараға белсене шеберлікпен қатысады. «Жастығын жалын шарпыған» атты ашық тәрбие сағаты мазмұнды әрі кең ауқымды



орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Жеңістің құрдастары тойлайды.

Мектебімізде мектепшілік іс-шаралар жоспарына сәйкес «Ұлы Отан соғысына – 70жыл» аясындағы тәрбиелік іс-шаралар өте жоғарғы деңгейде өткізілуде. Мектеп тәлімгері Айбота Жамекееваның ұйымдастыруымен үзіліс арасында радиохабар жүргізіліп отырады, оқушыларға Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерліктері, ауылымыздан соғысқа қатысқан ардагерлеріміздің ерен еңбектері жайлы мағлұматтар және соғыс туралы әндер тыңдалады. Осы жетіде өтілетін іс-шаралардың бірі 9 сынып оқушыларының тәрбие сағатына дайындықты сынып жетекшісі биылғы мектебімізге келген жас маман

түрде өтті. Ауылымыздағы соғыс ардагерлерінің ұрпақтары әкелерінен естіген соғыс жайлы естеліктерін оқушыларға айтып берді. Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды батыр қыздарымыздың образдарына кіре отырып сынып қыз балалары жақсы көрініс көрсете білді. Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер жас маманға ризашылығын білдіре отырып еңбегіне шығармашылық табыс тіледі. Оқушы бойындағы патриоттық сезімін жоғарылату, Отанына деген намысшылдығын, сүйіспеншілігін арттыру мақсатындағы іс-шараларымыз жалғасын таба бермек...

Айгүл ТОРТАЕВА,
№11 Қоскөл орта мектебі
директорының тәрбие ісінің
орынбасары.

«Терісаққан көктемі» этнофестиваліне шақырамыз!

2015 жылы 2 мамырда Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Терісаққан ауылында «Терісаққан көктемі» этнофестивалі өтеді.

Мақсаты: Қарағанды облысы, Ұлытау ауданында туризмді дамыту.

ұлттық ойындарға қатысу.
- Ауыл ансамблінің концерттік бағдарламасы



Фестивальді өткізу уақыты мен жоспары.

Фестиваль аясында киіз үйлер тігіліп, ұлттық ойындар ұйымдастырылып, дәстүрлі қолөнер өнімдері, ұлттық тағамдар, сауда дүкеншіктері ұйымдастырылып, фотокөрмелер көрсетіледі.

Фестиваль 2-мамыр күні сағат 9:00-де салтанатты ашылуымен басталады. Сағат 09:30-13:00-де бие байлау рәсімі өткізіледі. Жылқы иелері

Фестивальдің негізгі іс-шаралары:

- «Бие байлау» көне ырым-жоралғы
- Күбіні ыстау
- Шөбер-сыныптар: «Ши тоқу»,



(әйел азаматтар) алғашқы бие сауу көне салтын көрсетеді. Ер азаматтар арасында «құлын нөкталау», «құлын емізу», «құлын телу» салты көрсетіледі. Сағат 15:00-17:00-де ұлттық ойындар мен ауыл өнерпаздарының концерті өтеді.

Ұлытау аудан әкімдігі, «Ұлытау» қорық-мұражайы, «Ұлы тағзым» қоғамдық қоры.

«Киіз басу», «Бау тоқу», «Арқан есу»
- «Асық ату», «Садақ ату», «Найза лақтыру» «Жылқыны қолға үйрету» (асауды үйрету). «Жылқыны жығу»

Аман-Серік ЕСЕНҒАЛИ, «Ұлытау» қорық-мұражайы туризм бөлімінің меңгерушісі.



Бәрекелді!

ОБЛЫСТЫҚ АШЫҚ ОЛИМПИАДАДАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ



2015 жылдың көктемгі каникулының 24-25 наурыз аралығында өткен академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің математика факультеті математика пәні бойынша облыстық ашық олимпиада ұйымдастырған болатын. Осы олимпиадаға Ұлытау ауданы Ж. Жабаев атындағы №15 Қарсақбай орта мектебінің 11-сынып оқушысы Назерке Тұрсынова математика пәнінің мұғалімі Жұмакүл Әбділдәқызының жетекшілігімен қатысып қайтты. 11-сынып оқушысы Назерке Тұрсынова облысымыздың түкпір-түкпірінен келген оқушылар арасында топ жарып, III дәрежелі диплом және бағалы сыйлықпен оралды. КарМУ-нің математика факультетінің деканы Д.Алибиев қолымен табыс етілген Диплом орта мектепті бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсуге бара қалған

жағдайда Н.Тұрсынованың көп мүмкіншіліктерге қол жеткізуіне септігін тигізетінін айтып өтті. Осындай дарынды оқушыға сапалы білім берген математика пәнінің жоғары категориялы мұғалімі Қонысова Жұмакүл Әбділдәқызына да облыстық ашық олимпиадаға дарынды оқушыны дайындағаны үшін және №15 Қарсақбай орта мектебі әкімшілігіне Алғыс хатын табыстауы мектеп ұжымын қуанышқа кенелтіп отыр.

Б. ШМАҚОВА, Ж.Жабаев атындағы №15 Қарсақбай орта мектебінің ғылыми-әдістемелік істер жөніндегі орынбасары, жетекшісі.

«МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР»

Махаббат – дүйім дүниенің ең асыл, жалпақ жалғанның ең кіршіксіз сезімі болса, ұлы сезімнің шырқау шыңына көтерілген сезімге адал, сертке берік Қозы-Баян, Ләйлі-Мәжнүн, Төлеген - Жібек, Естай-Қорлан, Еңлік-Кебек, Фархад-Шырын, Жүсіп-Зылиқа. Осылардың барлығы шынайы махаббаттың символы іспетті.



Ұлытау ауданы жастармен жұмыс жасау орталығының және Ұлытау ауданының Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен 2015 жылдың 15 сәуірінде өткен «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күні Аудандық Мәдениет үйінде 18-25 жас аралығындағы жастар арасында «Махаббат қызық мол жылдар» атты жұптар байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты сан мыңдаған ғасырлар бойы аттары аңызға айналған жұптардың жалынды жырлары мен махаббат хикаяларын өскелең жас ұрпаққа таныстыру, талантты жастарға қолдау көрсету;

Байқауға қатысқан жұптар 5 бөлімнен құралған сайыста өз өнерлерін ортаға салып, көрермендердің құрметіне бөленді.

Байқауға сарапшылық жасаған Ұлытау ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ғ.Дүкенбаев, аудандық Ішкі саясат бөлімінің маманы А.Қайырбек, Халық Банк қызметкері Г.Бекназарова, аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі В.Құлахметова жұптарға әділ - баға бере отырып, жастарды Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау

орталығының және Ұлытау ауданының Мәдениет үйінің атынан бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Байқау қорытындысы бойынша I-ші орынды Жезді кентінен келген жастар Азамат Тойшан пен Алтынай Төлегенова өз қанжығаларына байлады. II-ші орынды Қарсақбай Агротехникалық колледжінің студенттері Бахтияр Қуандықовпен Гүлнәз Сардар иеленді. III-ші орынды Ұлытау селосының атынан шыққан жас отбасылар Елжас Каримовпен Ақерке Каримова атанды. Қарсақбай кентінен қатысқан жұптар А.Үсейінова мен Ә.Махмудов, А.Жардем мен Ж.Қазыбайлар Алғыс хатпен және шағын сыйлықпен марапатталды. Концерттік кешке шақырылған кеш қонақтары белсенді жас көшбасшылар Д.Аманжол, Н.Маханов, М.Қайырбек, Д.Жақаева, А.Айтмұхан, Д.Базыл, Қ.Рахат, «Шұғыла» бишілер тобына және Қаракеңгір селосынан келген жастар М.Есімсейітов пен Д.Көшербаевтарға алғыс білдіреміз.

Ұлытау ауданының жастармен жұмыс жасау орталығы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 17 МАУСЫМДАҒЫ № 664 ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН «ОРНЫ АУЫСТЫРЫЛАТЫН (ТАСЫМАЛДАНАТЫН) ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖӘНЕ ЭКСПОРТҚА АРНАЛҒАН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ СТАНДАРТЫ

«Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге Қазақстан Республикасының ішінде қолданылатын және экспортқа арналған ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ауданның Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап;

Қазақстан Республикасының ішінде қолданылатын ветеринариялық сертификат беру – көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні;

экспортқа арналған ветеринариялық сертификат беру – 3 (үш) жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасының ішінде қолданылатын немесе экспортқа арналған ветеринариялық сертификат (бұдан әрі – ветеринариялық сертификат).

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ветеринариялық сертификат электрондық форматта ресімделеді, арнайы бланкке басып шығарылады, мөрмен расталады және оған көрсетілетін қызметті беруші басшысының қолы қойылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» ветеринариялық сертификатты алу күні мен уақыты туралы хабарлама көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес ақылы түрде (ветеринариялық сертификат бланкісі үшін) көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік сатып алу туралы конкурс нәтижесі бойынша айқындалған бланктің құнын екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлейді.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

көрсетілетін қызметті берушіге: республика ішінде объектінің орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде ветеринариялық сертификат алу үшін:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес мәліметтерді көрсете отырып, еркін нысандағы өтініш;

2) асыл тұқымды жануарларды тасымалдау кезінде – асыл тұқымдық куәлік, ветеринариялық паспорт немесе ветеринариялық анықтама;

3) жануарды тасымалдау кезінде – жануардың ветеринариялық паспорты немесе ветеринариялық анықтама;

4) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды тасымалдау кезінде – жүргізілген қажетті зертханалық зерттеулер туралы ветеринариялық зертханалардың сараптама актісі;

5) етті, былғары-тері шикізатын тасымалдау кезінде таңбаның айқын белгілері болуы тиіс;

6) ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төлегені туралы түбіртек.

Рұқсаттар тізілімінен үзінді болған кезде экспортқа ветеринариялық сертификат алу үшін:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес мәліметтерді көрсете отырып, еркін нысандағы өтініш;

2) асыл тұқымды жануарларды тасымалдау кезінде – асыл тұқымдық куәлік, ветеринариялық паспорт немесе ветеринариялық анықтама;

3) жануарды тасымалдау кезінде – жануардың ветеринариялық паспорты немесе ветеринариялық анықтама;

4) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды тасымалдау кезінде – жүргізілген қажетті зертханалық зерттеулер туралы ветеринариялық зертханалардың сараптама актісі;

5) етті, былғары-тері шикізатын тасымалдау кезінде таңбаның айқын белгілері болуы тиіс;

6) ветеринариялық сертификат бланкісі үшін ақы төлегені туралы түбіртек.

Көрсетілетін қызметті алушы салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған ақпаратты уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алу мүмкіндігі болған кезде жеке басын куәландыратын құжаттарды, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті немесе

анықтаманы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ұсыну талап етілмейді.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша түрдегі келісімін алуға міндетті;

порталға: республика ішінде объектінің орнын ауыстыру (тасымалдау) кезінде ветеринариялық сертификат алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес электрондық түрдегі мәліметтер нысаны түріндегі ақпарат;

3) асыл тұқымды жануарларды тасымалдау кезінде – асыл тұқымдық куәліктің, ветеринариялық паспорттың немесе ветеринариялық анықтаманың электрондық көшірмесі;

4) жануарды тасымалдау кезінде – жануардың ветеринариялық паспортының немесе ветеринариялық анықтаманың электрондық көшірмесі;

5) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды тасымалдау кезінде – жүргізілген қажетті зертханалық зерттеулер туралы ветеринариялық зертханалардың сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) электрондық көшірмесі;

6) етті, былғары-тері шикізатын тасымалдау кезінде таңбаның айқын белгілері болуы тиіс;

7) ветеринариялық сертификат бланкісінің ақысын төленгені туралы түбіртекпен электрондық көшірмесі.

Рұқсаттар тізілімінен үзінді болған кезде экспортқа ветеринариялық сертификат алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес электрондық түрдегі мәліметтер нысаны түріндегі ақпарат;

3) асыл тұқымды жануарларды тасымалдау кезінде – асыл тұқымдық куәліктің, ветеринариялық паспорттың немесе ветеринариялық анықтаманың электрондық көшірмесі;

4) жануарды тасымалдау кезінде – жануардың ветеринариялық паспортының немесе ветеринариялық анықтаманың электрондық көшірмесі;

5) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды тасымалдау кезінде – жүргізілген қажетті зертханалық зерттеулер туралы ветеринариялық зертханалардың сараптама актісінің электрондық көшірмесі;

6) етті, былғары-тері шикізатын тасымалдау кезінде таңбаның айқын белгілері болуы тиіс;

7) ветеринариялық сертификат бланкісінің ақысын төлегені туралы түбіртекпен электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын

құжаттың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алады.

Ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушылардан талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі және оларға қойылатын талаптар бойынша жеңілдіктер көзделмеген.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге – өтініштің көшірмесіндегі құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-тармағында белгіленген мерзімдерде ұсынылған құжаттардың толықтығын және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексереді, ветеринариялық зертхананың сараптама актісін зерделейді, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні байқап қарауды және көлік құралының ветеринариялық-санитариялық жай-күйін бағалауды жүргізеді.

Ұсынылған құжаттар сәйкес болмаған немесе осы тармақта көрсетілген дәйексіз мәліметтер ұсынылған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады және ұсынылған құжаттардағы сәйкессіздіктер жойылғанға дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады.

«Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге Қазақстан Республикасының ішінде қолданылатын және экспортқа арналған ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

ОРНЫ АУЫСТЫРЫЛАТЫН (ТАСЫМАЛДАНАТЫН) ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖӘНЕ ЭКСПОРТҚА АРНАЛҒАН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СЕРТИФИКАТ АЛУ ҮШІН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

P/c №	Талаптар мыналардың болуын қамтиды:	Құжаттар	Ескертпе
1.	1. Жеке тұлғалар үшін – жануарлардың (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа) және малдан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы – жануардың жеке нөмірі; 2. Заңды тұлғалар үшін – жануарлардың (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа) және малдан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде өндіріс объектісінің атауы, мекенжайы, есептік нөмірі – жануардың жеке нөмірі.	Мынадай ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны: 1. Жеке тұлғалар үшін – жануарлардың (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа) және малдан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде – тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы – жануардың жеке нөмірі; 2. Заңды тұлғалар үшін – жануарлардың (балықтардан, аралардан, қосмекенділерден, жәндіктерден басқа) және малдан алынатын өнімдердің орнын ауыстыру кезінде өндіріс объектісінің атауы, мекенжайы, есептік нөмірі – жануардың жеке нөмірі.	

«Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге Қазақстан Республикасының ішінде қолданылатын және экспортқа арналған ветеринариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес, ветеринариялық құжатты алу үшін «ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесіне хабарласу керек. Орналасқан жері: Ұлытау селосы, Бұлқышев көшесі-30 үй. Телефандары: 8-(71035) 2-11-88, 2-15-19

«ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясы» ММ-сі



АКАДЕМИК Е.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

ҚарМУ – Қазақстан Республикасын-
дағы ірі университеттердің бірі санала-
ды, ол ЖОО ұлттық рейтингінде жоға-
ры орында.

ҚарМУ Times Higher Education
QS World University Ranking және
Webomatrix Rankings үздік дүниежүзілік
ЖОО рейтингісіне, в высшую категорию
качества класса «А» Академическо-
го Рейтинга Европейского Стандарта
ARES-2014 Еуропалық стандарты ака-
демиялық рейтингінің «А» класының
жоғары санатына енген.

ҚарМУ жоғары академиялық бедел-
ге ие және классикалық университеттік
білім берудің принциптерін бұлжытпай
орындайды.

ҚарМУ жетекші университеттерді
біріктіретін халықаралық қауымда-
стығының мүшесі болып саналады.

ҚарМУ – 73 бакалавриат мамандығы
бойынша студенттер білім алатын 13
факультет.

ҚарМУ – 48 магистратура маман-
дығы және 12 PhD докторантура бағдар-
ламалары.

ҚарМУ – көптілді топтарда оқу мүм-
кіндігі.

ҚарМУ – да әйгілі ғалымдар жұ-

мыс істейді, олардың ішінен 114 ғалым
«Жоғары оқу орнының үздік оқытушы-
сы» атағының иегерлері.

ҚарМУ-дың студенттері академи-
ялық ұтқырлық бағдарлама бойынша
беделді шетелдік Ресей, АҚШ және Еу-
ропа одағыны мемлекеттерінің жоғары
оқу орындарында оқиды.

ҚарМУ-да білім алу үшін барлық
қажетті жағдайлар жасалған: 12 қазіргі
заманға сай ғимараттар, ғылыми кіта-
пханасы - Қазақстанның ірі кітапхана-
лардың бірі (1,7 млн әдебиет данала-
ры), Интернет-залдар, WI-FI аймақтар,
мультимедиялық, лингафондық және
компьютерлік дерісханалар, баспахана,
6 жатақхана, заманауи санаторий-про-
филакторий, студенттік-тұрмыстық ке-
шен, қоғамдық тамақтандыру комбина-
ты, «Университет» дәмханасы, «Аюлы»
спорттық кешені, 2 стадион, 11 спорт-
зал, жеңіл атлетикалық манеж, трена-
жер залы, Топар және Қарқаралы дема-
лыс орындары.

ҚарМУ студент жастарға интеллек-
туалды және шығармашылық әлеуетін
жүзеге асыру үшін үлкен мүмкіндіктер
береді.

Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРМУ КЕЛЕСІ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ (бакалавриат, магистратура және Phd докторантура):

Биология-география факультеті:

биология (білім және жаратылыста-
ну); география (білім және жаратылыс-
тану); экология, биотехнология

Шет тілдері факультеті:

шет тілі: екі шет тілі (ағылшын, неміс,
француз); шетел филологиясы (ағыл-
шын, неміс, француз, қытай); аударма
ісі

Тарих факультеті:

тарих (білім және гуманитарлық);
халықаралық қатынастар; археология
және этнология

Математика және ақпараттық технологиялар факультеті:

математика (білім және жаратылыс-
тану); информатика (білім және жа-
ратылыстану); механика; ақпараттық
жүйелер; математикалық және компью-
терлік модельдеу

Кәсіби-көркемөнер факультеті:

бейнелеу өнері және сызу; кәсіби
оқыту; дизайн; тасымалдауды, қозғалы-
сты ұйымдастыру және көлікті пайдала-
ну; көлік, көліктік техника және техноло-
гиялар

Педагогикалық факультет:

мектепке дейінгі оқыту және тәрбие-
леу; бастауыш оқытудың педагогикасы
мен әдістемесі; педагогика және психо-
логия; дефектология

Дене мәдениеті және спорт факультеті:

бастапқы әскери дайындық; дене
мәдениеті және спорт

Заң факультеті:

құқықтану; халықаралық құқық; ке-
ден ісі

Философия және психология факультеті:

философия; мәдениеттану; әле-
уметтану; саясаттану; дінтану; пси-
хология, әлеуметтік педагогика және
өзін-өзі тану; әлеуметтік жұмыс; мәде-
ни-бос уақытты ұйымдастыру жұмысы

Физика-техникалық факультеті:

физика (білім және жаратылыста-
ну); аспап жасау; жылуэнергетика;
радиотехника, электроника және те-
лекоммуникациялар; техникалық фи-
зика; қоршаған ортаны қорғау және
өмір тіршілігінің қауіпсіздігі

Филология факультеті:

қазақ тілі мен әдебиеті; орыс тілі
мен әдебиеті; қазақ тілінде оқыт-
пайтын мектептердегі қазақ тілі мен
әдебиеті; орыс тілінде оқытпайтын
мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;
филология (қазақ, орыс); журналисти-
ка; қоғаммен байланыс

Химия факультеті:

химия (білім және жаратылыста-
ну); органикалық заттардың химиялық
технологиялары; бейорганикалық
заттардың химиялық технологиясы;
фармацевтикалық өндірістің техноло-
гиясы

Экономика факультеті:

құқық және экономика негіздері;
экономика; әлемдік экономика; ме-
неджмент; есеп және аудит; қаржы;
мемлекеттік және жергілікті басқару;
маркетинг; туризм; әлеуметтік-мәдени
қызмет көрсету; бағалау.

МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

ҰБТ-ны өткізу тәртібі

ҰБТ бес пән бойынша: қазақ неме-
се орыс тілі (оқыту тілі), математика,
Қазақстан тарихы, орыс тілінде оқыта-
тын мектептерде қазақ тілі және қазақ
тілінде оқытатын мектептерде орыс тілі
және таңдаған мамандыққа байланысты
бекітілген мамандықтар тізбесіне сәйкес
таңдау пәні бойынша пәндердің біреуіне
сәйкес өткізіледі.

ҰБТ бойынша мектеп бітірушінің
таңдау пәндері: география, физика, био-
логия, химия, дүниежүзі тарихы, қазақ
әдебиеті (орыс әдебиеті), шет тілі.

Шығармашылық немесе арнайы дай-
ындықты қажет ететін мамандықтарды
таңдаған бітірушілер үшін төртінші пәнді
таңдау ерікті, олар одан кейін қосымша
шығармашылық емтихан тапсырады.

ҰБТ жалпы білім беретін пәндердің
бағдарламасы негізінде әзірленген тест
тапсырмаларының көмегімен өткізіледі,
олардың мазмұны көрсетілген бағдарла-
маның шеңберінен шығуы мүмкін емес.

ҰБТ-ны өткізу кезінде пайдаланыла-
тын тест мазмұнының және дұрыс жауап-
тар кодын айқындайтын мәліметтер мем-
лекеттік құпия болып табылады.

Әрбір пән бойынша тест тапсырмала-
рының саны - 25.

ҰБТ-ның нәтижелері 125 баллдық
жүйе бойынша және жалпы орта білім
туралы аттестат алу үшін бес баллдық
жүйе бойынша бағамен бағаланады.

Емтихан мерзімі мен ұзақтығы

Тестілеу ҰБТӨП-те 1 маусымнан 15
маусымға дейін жүргізіледі. _
ҰБТ-ның басталу уақыты – сағат 09.00.
ҰБТ-ға бөлінетін уақыт – 3,5 астрономи-
ялық сағат.

Тестілеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Тестілеу кезінде ереже
бұзушылықтардың алдын алу және те-
стіленушілерді қорғау мақсатында те-
стілеуге кіргізу кезінде металіздегіштер
қолданылады.

Тестілеу кезінде ұялы байланыс
желісін сөндіру құралдары мен видео-
бақылау қондырғылары қолданылады.
Тестілеу басталардан бұрын ҰБТ өт-
кізілетін ғимаратты жарылғыш затқа тек-
серу жүргізіледі (міндетті түрде акт тол-
тыру арқылы)

Апелляция

Тестілеу нәтижелері бойынша апел-
ляцияға өтініш беру тестілеу нәтижелері
жарияланғаннан кейін келесі күнгі сағат
14-ке дейін қабылданады және апелля-
циялық комиссия бір тәулік мерзімінде
қарайды.

Өтініш беруші өзімен бірге жеке ба-
сын куәландыратын құжат және ҰБТ-ға
кіруге рұқсаттамасын әкелуі керек.

Апелляция тест тапсырмаларының
мазмұны бойынша мынадай жағдай-
ларда беріледі: тест тапсырмасы дұрыс
құрылмаған; дұрыс жауабы жоқ; бірнеше
дұрыс жауабы бар.

Техникалық себептер бойынша апел-
ляция мынадай жағдайларда қарастыры-
лады: дұрыс жауаптар кодымен сәйкес
келетін боялған дөңгелекшені сканер 2
дөңгелекше ретінде оқыған; дұрыс жау-
аптар кодымен сәйкес келетін боялған
дөңгелекшені сканер оқымаған.

Апелляцияға өтініш беру барысын-
да тестілеу нәтижесімен келіспеуінің
дәлелін (себебі мен негіздемесін) көрсе-
ту керек.

Сертификат

ҰБТ тапсырған бітірушілерге
беріледі: ҰБТ нәтижесі туралы сертифи-
кат; жалпы орта білім туралы аттестат.

Сертификаттың жарамдылық мерзімі
- ағымдағы жылдың 31 желтоқсанына
дейін.

Сертификатты ламинаттауға тыйым
салынады. Ламинатталған сертификат-
тар ауыстырылады.

Білім беру гранты

Білім беру гранттарын тағайындау
конкурсы кезінде қазақ тілі немесе орыс
тілінің (оқыту тілі), Қазақстан тарихының,
математика және таңдау пәнінің баллда-
ры ескеріледі.

Конкурсқа қатысу үшін 50 баллдан
(«Жалпы медицина» мамандығы үшін
65 баллдан төмен емес), ұлттық жоғары
оқу орындарына түсушілер 70 баллдан
төмен жинамауы тиіс («Білім», «Ауылша-
руашылық ғылымдары» және «Ветери-
нария» топтарының мамандықтары үшін
60 баллдан төмен емес), соның ішінде
бейіндік пәннен 7 баллдан (әрбір шығар-
машылық емтиханнан 10 баллдан), ал
қалған ҰБТ пәндерінен (оның ішінде қа-
зақ мектептерінде оқытылатын орыс тілі
мен орыс мектептерінде оқытылатын
қазақ тілінен) 4 баллдан төмен болмауы
керек.

Шығармашылық мамандықтарға
өтініштерді ЖОО-ның қабылдау комис-
сиялары 20 маусымнан 1 шілдеге дейін
қабылдайды.

Шығармашылық емтиханды 2-7 шіл-
де аралығында, болашақта оқуын жалға-
стыруды жоспарлаған ЖОО-да тапсыра-
ды.

Білім беру гранттарын тағайындау
конкурсына өтініш қабылдау 23 – 31 шіл-
де аралығында жүргізіледі. _

Конкурс 1-10 тамыз аралығында өт-
кізіледі.

Білім беру гранты иегерлерінің тізімі
бұқаралық ақпарат құралдарында («Еге-
мен Қазақстан», «Казахстанская прав-
да») жарияланады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Бітіруші Ұлттық Бірыңғай Тестілеу
өткізу пунктіне (ҰБТӨП) рұқсаттамада
көрсетілген күні дәл уақытында өзімен
бірге келесі құжаттарды алып келуі ке-
рек:

ҰБТ-ға кіруге рұқсаттама; жеке басын
куәландыратын құжат; қара сиялы қалам;
**ҰБТ кезінде бітірушіге тыйым салына-
ды:**

сөйлесуге; орнынан тұруға; орын ауы-
стыруға; кез-келген материалдар және
заттармен алмасуды жүзеге асыруға;
аудиторияға калькулятор, фотоаппарат,
ұялы байланыс құралдарын (пейджер,
ұялы байланыс телефон, планшетник,
т.б.), ноутбуктар, плейерлер, шпаргалка
және анықтамалық құжаттарды (Менде-
леев пен тұздардың ерігіштік кестелері-
нен басқаларын) алып кіруге және қол-
дануға;

Бітіруші аудиторияда тәртіп сақтау
ережесін бұзғанда және тыйым салынған
заттарды қолданған жағдайда Мини-
стрлік өкілінің шешімімен бітіруші қайта
тапсыру құқығынсыз аудиториядан шыға-
рылады және оның тест нәтижелері жой-
ылады.

Тестілеуге берілген уақыт аяқталған
соң (3,5 сағат) емтихан материалда-
рын тапсырудан бас тартқан мектеп
бітірушінің жұмысы өңделмейді.

ҰБТӨП ғимаратына кіргізу барысын-
да бөтен тұлға ұсталған жағдайда, ұсталған
тұлға да және орнына бөтен тұлғаны кір-
гізуге заңсыз әрекет жасаған түлек те те-
стілеуге жіберілмейді.

**РМҚК Ұлттық тестілеу орталығы
№115 филиалы.**

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ ЕҢБЕК ЗАҢНАМАЛАРЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙ, ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ЖАСАҒАН ЕҢБЕГІН БАҒАЛАУЫ ҚАЖЕТ

Ұлытау ауданы прокуратурасы аудан көлемінде тіркелген құқық бұзушылық пен қылмыс туралы оқиғаларды үнемі тексеріп, талдап отырады. Талдау нәтижесінде Ұлытау ауданы бойынша 2015 жылдың өткен мерзімі ішінде ҚР Қылмыстық кодексінің 126-бабында қарастырылған қылмыстың құрамы бойынша, яғни адамның заңсыз бас бостандығынан айыру дерегі туралы бір арыз тіркелгені анықталды.

Аталған деректі тексеру кезінде Ұлытау ауданының Сарысу ауылдық округінің «С» есімді тұрғынының іс-әрекеттерінде қылмыстың құрамы анықталмай, қозғалған қылмыстық іс Ұлытау АІБ-нің тергеушісімен өндірісімен қысқартылған. Алайда қылмыстық іс бойынша жиналған материалдарды оқып, зерделеу барысында арыздың ІІБ-не түсуіне жұмыс беруші мен жұмысқа келген азаматтың арасында тиісті келісім-шарттың болмағаны, жұмысқа келген азаматтың жұмыс орнын, тұрғылықты жерін туған-туыстарына уақытылы хабарламағандығынан туындағаны мәлім болды.

Жыл басынан бері осындай еңбек қарым-қатынастарының бұзылуы Ұлытау ауданының Борсеңгір, Терісаққан және Сарысу ауылдық округтарының көлемінде орналасқан 3 шаруа қожалықтарында жұмыс жасап жатқан 5 жұмыскерге байланысты орын алғаны анықталды. Және де, бұл жағдайға жұмыс беруші шаруа қожалықтарының басшылары мен жұмысқа келген азаматтар арасындағы еңбек заңнамаларының талаптары бұзылуы, азаматтардың өз құқықтарын дұрыс пайдаланбауы әсер еткен. ҚР Конституциясының 16-бабының талаптарына сай әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады. Сонымен қатар, жоғарыдағы Ата Заңымыздың 24-бабының талаптарына сай әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың Үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітудің сыйақы алуына, сондай-ақ, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Ал, Ұлытау ауданы көлемінде орын алған жоғарыдағы деректер бойынша шаруа қожалықтарының басшылары қалалардан немесе басқа аудандардан жұмыс істеуге келген адамдарының құжаттары болмауына байланысты тиісті еңбек шарттарын жасамаған. Жұмысқа келуші өз құқықтарын қолдана отырып жасаған еңбегі үшін жұмыс берушіден еңбек ақысын талап ете алмаған. Сонымен қатар, жұмыс беруші шаруа қожалықтар иелері өз жұмысшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етпе-

ген. Шаруа қожалықтарының иелері қыстақтарда орналасқан шаруа қожалықтарындағы өз жұмыскерлерін бақыламаған, көптеген шаруа қожалық иелері Жезқазған, Сәтбаев қалаларында тұратыны, қыстақтарына айында бір рет болатындығы анықталды. Және де, иесіз өздеріне-өздері қожайын жеке бастары анықталмаған жұмыскерлер қыстақ басында алкогольдік ішімдіктерді мөлшерден тыс ішіп, бір-бірімен жанжалдасып, арты адамдардың өліміне, қылмыстық оқиғаның тіркелуіне әкеп соққан. 2014 жылы мас күйіндегі тиісті құжатсыз жұмыскерлер боранды және аязды күндері жолға шығып кетіп аяқ қолдарын үсіріп, кейбірі күннің суықтығынан тоңып, мерт болған.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 86-бабының 1-бөлігінің талаптарына сай, адамды еңбек шартын жасаспай жұмыс берушінің жұмысқа жіберу үшін лауазымды адамдарға – 20, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 60, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу жазалары қарастырылғанын аудан көлемінде орналасқан шаруа қожалықтарының басшыларына ескертеміз. Сонымен қатар, Ұлытау ауданы көлемінде жұмыс жасап жатқан шаруа қожалықтары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің басшыларына басқа аудандар мен қалалардан жұмысқа құжаттары жоқ адамдарды қабылдаған жағдайда, Ұлытау ауданының ішкі істер бөлімі арқылы тексертіп, олардың қылмыс жасағаны үшін іздеуде жүргенін немесе бұрындары жасаған қылмысы үшін соттылығы бар-жоғын тексертіп есепке қою қажет. Және де оларға жеке бастарын анықтайтын құжаттары болмаған жағдайда, оларға тиісті құжаттар жасап, еңбек шарттарын жасасуы қажеттігін түсіндіреміз.

Бұл шаралар алдағы уақытта аудан көлемінде жасалып жатқан қылмыстардың алдын алуға және адамдардың конституциялық құқықтарының бұзылмауына көмектеседі. Сонымен қатар, аса ауыр қылмыстардың, оның ішінде қасақана кісі өлтіру деректерін болдырмауға жағдай туғызады. Өйткені Қарағанды облысы көлемінде тіркелген аса ауыр қылмыстарға талдау жасау барысында, шаруа қожалық иесі бұрындары бірнеше рет қасақана кісі өлтіру мен қарақшылық жасаған қылмыскерді еңбек шартын жасаспай, ол туралы толық мәліметтер жинастырмай жұмысқа алып, аяғында шаруа қожалықтың иесін қасақана өлтіру дерегі орын алғанын еске саламыз.

Қ.МАНАПОВ,
Ұлытау ауданының
прокуроры,
кіші әділет кеңесшісі.

Қоғам. Адам. Заң

Әділет органдарының басты міндеті – төрешілдік, сыбайлас жемқорлық, қағаз әуре-сарсаңы мен әкімшілік кедергілерді жою. Бүгінгі таңда Үкімет порталы арқылы Әділет органдары электронды форматта 22 қызмет түрін көрсетеді. Осындай қызметтердің бірі, 2013 жылғы 1 қаңтарда енгізілген жылжымайтын мүлікті электронды тіркеу болып табылады.

ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫМЕН КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ФОРМАТТАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Ол үшін Қазақстан азаматтары нотариуста келісім рәсімделгеннен кейін бір күн ішінде Әділет органдарында өз құқықтарын тіркей алады. Келісімге қол қойылғаннан кейін нотариус сатып алушының жазбаша келісімімен өзінің электронды цифрлы қолтаңбасымен құпталған құжаттарды электронды түрде «Е-нотариат», яғни бірыңғай нотариалды ақпараттық жүйенің бағдарламасы арқылы аумақтық Әділет органына жібереді. Жылжымайтын мүлікті сатып алушы келісімге қол қойылғаннан кейін, Қазақстан Республикасы

электронды үкіметінің төлем шлюзі арқылы тіркеу үшін алым сомасын төлеуі қажет. Электронды тіркеу үшін азаматтардың электронды цифрлы қолтаңбасы қажет етілмейді. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласына электронды тіркеуді енгізу мемлекеттік тіркеу мерзімін 5 күннен 1 күнге дейін қысқартты, сонымен қатар жедел тіркеу үшін алым төленбейді. Электронды тіркеудің жеке және заңды тұлғалар үшін ең басты артықшылығы – уақыт пен материалдық шығынның азаюы. Енді нота-

дайлар туғызуда.

Қазіргі таңда осы жеделдетілген мемлекеттік қызмет бойынша Ұлытау ауданы Әділет басқармасының жылжымайтын мүлікке құқықтардың мемлекеттік тіркеуден өткендер он екі және осы қызмет түрін қолданушылар саны күннен-күнге артуда.

М.ТҮСІП,
Ұлытау ауданы
Әділет басқармасының
инспектор тіркеушісі.

Сот залынан

БАСПАНАҒЫ САҚТА

ҚР Конституциясының 26-бабының 1-тармағы, ҚР Азаматтық кодексінің 191-бабына және «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңының 11-бабына сәйкес, заңды түрде алынған кез-келген тұрғын үй ҚР азаматтарының, заңды тұлғаларының жекеменшігінде бола алады. Бұл көрсетілген негізгі заң қағидалары, бір үй немесе бірнеше пәтер сатып алсаң да шектеу жасалып отырған жоқ, тек республика аумағының қай жерінен алсаң да оны заңдастыру қажет, өз атына тіркеу міндетті түрде.

Өмірде әртүрлі жағдайлар болады, біреулер жұмыс таба алмай тұрғылықты жерінен көшіп кетеді, үйін сақтау үшін барлық мүмкіндіктерді істейді. Екіншілері бұл мәселеге немқұрайлы қарайды. Осындайда оның иесіз қалған үйлері басқа жандардың меншігіне өтіп кетеді. Сотта қаралған бір азаматтық іс жайында, яғни бір азамат үйден иелену құқығынан айырылғаны анықталған.

90-жылдары елімізде қандай өзгерістер болғандығы біріміз-

ге мәлім, совхоздар бірінен соң бірі тарап тұрғындардың көпшілігі тұрғылықты жерлерін ауыстырған. Енді іс қаралған кезде анықталған мән-жайларға назар аударайық. 1987 жылы бұрынғы Жетіқоңыр совхозының тұрғыны (қазіргі Ұлытау ауданы) С.Т. атты азамат жұмыс бабымен аталған кәсіпорыннан үй алған. 1998 жылы бұл жерден көшіп кетіп, Сәтбаев қаласына қоныстанған. Аталған азаматтың даулы үй туралы талап-арызы сотта қаралғанда, ол кісінің үйдің оған тиесілі екенін анықтайтын нақты құжаттары болмағаны анықталды. Мұрағаттан да сұраныс кезінде ешбір құжаттар табылмады. Іс жүзінде С.Т. азамат үй жөнінде құжаттарды дайындау үшін уақытында қандай да бір әрекеттер жасамаған. Сотқа арыз түсіргенше жер, үй салықтарын да төлемеген. Басты дәлелі – үйді өзі совхоздан алған, енді оған тиесілі болуы керек.

1998 жылы К.Н. атты азаматшаға жергілікті атқару органдары бос тұрған үйді берген, ол кісі



оны өз үйіндей иеленіп, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген. Содан 2007 жылы заң жүзінде үйді өз меншігіне айналдырған. Жауапкер болып өткен азаматшаға сот үйді қайтаруға ешбір негіз жоқ екенін анықтады, талапкердің арызы қанағаттандырысыз қалдырылды.

Міне, қозғалмайтын мүлкін – үйің болса оны сақта, құжаттарын ретте, қалыпты жағдайда ұста, салықтарын уақытында төлеп отыр. Сонда ғана меншік иелерінің иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі құқықтары сот тәртібімен, заң актілерінде көзделген әдістермен қорғалады.

М.ЖҰМАЖАНОВ,
Ұлытау ауданының
№2 аудандық сотының
төрағасы.

АЛКОГОЛЬ ӨНІМІН ӨНДІРУ АУМАҒЫНДА ОНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ КӨТЕРМЕ САУДАДА САТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ҚОСПАҒАНДА, АЛКОГОЛЬ ӨНІМІН САҚТАУҒА ЖӘНЕ БӨЛШЕК САУДАДА САТУҒА ЛИЦЕНЗИЯ БЕРУ, ҚАЙТА РЕСІМДЕУ, ЛИЦЕНЗИЯНЫҢ ТЕЛНҰСҚАЛАРЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын ҚР Қаржы министрлігі (бұдан әрі Министрлік) әзірледі. Мемлекеттік қызметті облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша салық органдары көрсетеді. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: көрсетілетін қызметті беруші; ХҚКО; «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге; ХҚКО-на тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ, портал арқылы жүгінгенде, алкоголь өнімдерін сақтауға және бөлшек саудада өткізуге лицензия беру, қайта

ресімдеу не лицензияны беруден бас тарту себебі туралы уәждеделген жауабы 15 жұмыс күнінен кешіктірмей, жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында «телнұсқа» деген жазуы бар лицензияның телнұсқасын беру 2 жұмыс күні ішінде, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру, өтініш беруші тапсырған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының өтінішін одан әрі қараудан бас тарту туралы уәждеделген жазбаша жауап беру 2 жұмыс күні ішінде орындалуы керек. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші мен құжаттарын көрсетілетін қызметті берушіге қағаз жеткізгіште жөнелтуді көздейтін мемлекеттік қызметті ХҚКО арқылы өтініштер мен құжаттар қабылданған күн бұл

тармақтың осы тармақшасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді. Көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты 20 минуттан аспайды. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде және нәтижесі: лицензия; қайта ресімделген лицензия; лицензияның телнұсқасы. Қабылдау «электрондық» кезек арқылы, портал арқылы брондауға да болады.

**Ұлытау ауданындағы
ХҚКО-ның бөлімшесі.**

ҚТЖ Министрлігі ескертеді!

СУ ТАСҚЫНЫ МЕН СУ БАСУ КЕЗІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ ТУРАЛЫ ЖАДЫНАМА

Егер Сіз су тасқыны мен су басу қаупі туралы дабыл алсаңыз не істеу керек? Егер Сіздің аудан су тасқыны мен су басудан жиі зардап шегетін болса, онда су басу аймағының шекараларын, сондай-ақ биік жерлерді, өзіңіз тұратын жерге жақын орналасқан, сирек су басатын жерлерді, сондай-ақ сол жерлерге баратын төте қысқа жолды біліп және есте ұстаңыз; қайықтың, су салдарының және жүзу құралдарының дайындауға қолда бар материалдардың сақтау орындарын есте сақтаңыз. Эвакуация болған жағдайда бірінші кезекте өзіңізбен бірге алатын құжаттардың, мүлік пен дәрілердің тізімін алдын ала жасаңыз; құндылықтарды, қажетті жылы киімдерді, артық тамақтарды, суды, сондай-ақ, дәрі-дәрмектерді арнайы шамаданға немесе рюкзак қапшыққа салып қойыңыз. Қайық пен басқа да жүзу құралдарын дайындаңыз. Оларды су айдап әкетпес үшін міндетті түрде байлап қойыңыз.

Су тасқыны мен су басу қаупі туралы дабыл алған кезде: суды, газды және электр тоғын өшіріңіз; жанып тұрған пешті сөндіріңіз; егер уақытыңыз жеткілікті болса үйдің жоғарғы қабатына (шатырға) құнды заттар мен мүліктерді, тұщы су қорын және ұзақ мерзімге сақтауға келетін консервіленген тағамдарды тасып шығарыңыз; ауылшаруашылық инвентарларын қауіпсіз орынға

апарыңыз; өз үйіңізді апат соққысына дайындаңыз; бірінші қабаттағы барлық есік пен терезелерді жабыңыз, қажет болғанда және уақыт көтерсе терезелер сынбас үшін оларды тақтаймен немесе үйеңкі фанерасымен шегелеп тастаңыз; өзіңізбен бірге су өткізбейтін пакетте жеке құжаттар, ақша, бағалы заттар, медициналық қобдиша, мезгілге сай киім мен аяқ киім, жатын жаймалары мен дәретханаға қажетті заттарды, сонымен қатар үш күндік тамақ (киімдер мен тамақты чемоданға немесе сөмкеге салған жөн) алыңыз; қауіпсіз ауданға көшу үшін белгіленген уақытта эвакуациялық жинақтау пунктіне барыңыз.

Кенеттен су басса: үрейленбей, сабырлылық танытыңыз; тез арада жақын жердегі қауіпсіз, биік жерге шығуға тырысыңыз, сумен, сонымен қатар қолда бар жүзу құралдарының көмегімен көшуге тырысыңыз; егер бұл мүмкін емес болған жағдайда жоғарғы қабатқа немесе үйдің шатырына шығыңыз; су көтерілген жағдайда шатырға, ал су тез көтерілген жағдайда, үй шатырының қырына шығу керек; балалар, ауру, әлсіз, жаураған адамдарды өзіңізге немесе шатырдың берік бөлігіне, мысалы пеш құбырына байлаңыз; ағаштарға, бағандар мен сенімсіздік тудыратын құрылыстарға шығуға болмайды. Олар су тасқынымен қозғалып, құлауы мүмкін; құтқарушылардың на-

зарын аудару үшін үнемі апат дабылын беріп отырыңыз, күндізгі уақытта жоғары жерде ақ немесе түсті мата іліңіз, ал түнгі уақытта жарық дабылын беріңіз; құтқарушылар келгенге дейін жоғарғы қабатта және биік жерлерде қалыңыз; өз бетіңізбен көшіруді тек зардап шегушіге тез арада медициналық көмек көрсету қажет болғанда, тамақтың жоқтығынан, құтқарушылардың келуіне сенімсіздік туғанда немесе жай-күй нашарлағанда жүзеге асыруға болады; өз бетінше көшіруде жеке қайықтар мен катерлерді, бөренелер мен басқа да қолда бар құралдарды пайдаланыңыз.

Су қайтқаннан кейін: үй қирауы қауіпсіздігінің жоқтығына көз жеткізу үшін үйді мұқият қарап шығу; ішкі бөлмелерді жарықтандыру үшін шырпыны немесе шамдарды қолданудан сақ болу (жарықтандыру үшін электрлі жарық түсіргіштер қолдануға болады); үзілген немесе жалғанбаған электрлі сымдардан сақтану; есте ұстаңыз, мамандардың электр торабын тексергенге дейін электр құралдарын қосуға тыйым салынады; қираған немесе нұқсан келген су құбырлары, газ және канализация магистральдары туралы тез арада коммуналды қызметтер мен ұйымдарға хабар беріңіз; суда қалып қойған азық-түлікті санитарлы-эпидемиологиялық қызметтің тексерісінсіз тамаққа қолдануға тыйым салынады; су басқан жерлердегі құдықтарды міндетті түрде дезинфекциялау қажет.

Қоршаған орта – қорғаның

Жер-Ананы түлетіп, өңірімізге Көктем-Ару да келіп жетті. Тіршілік атаулыны түлететін жылдың осы бір мезгілінде табиғаттың құлпырып, жан-жануарлар мен жәндіктердің өсіп-өнетіні, көбейетіні белгілі. Көктем айлары су қоймаларындағы, өзен-көлдердегі балықтардың да уылдырық шашатын кезі.

Балықтардың көбеюінде маңызды рөл атқаратын уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға қатаң тыйым салынады. Осыған байланысты жыл сайын балықтардың уыл-

да өзен-көлдерімізде балықтың мол болуы өзімізге байланысты екенін есте сақтаған жөн. Балықтардың уылдырық шашатын мезгілінде оларды аулауға бол-

БАЛЫҚ МОЛ БОЛСЫН ДЕСЕК...

дырық шашу маусымында арнайы іс-шаралар жүзеге асырылып жүр.

Биыл да жылдағы дәстүр бойынша Қарағанды облыстық ІІД басшысының 10 сәуір 2015 жылғы №288 бұйрығына сәйкес «Уылдырық шашу-2015» іс-шарасы басталды. 10 сәуір - 31 мамыр аралығында өтетін аталмыш іс-шара табиғат байлығын, оның ішінде біздің өңіріміздегі өзен-көлдер мен су қоймаларындағы балықтардың көбеюіне жағдай жасау, мүмкіндік туғызуға бағытталған.

Табиғат байлығын қорғау – әрбір азаматтың парызы. Сондықтан

майды. Аталған іс-шара осының алдын алу, жол бермеу мақсатында жүргізілуде. Олай болса аудан аумағындағы су қоймаларындағы балықтардың азаюына, тіпті жойылуына өзіміз себепкер болмайық. «Уылдырық шашу-2015» іс-шарасы кезінде, 10 сәуір - 31 мамыр аралығында балық аулауға қатаң тыйым салынатынын ескертеміз.

Ұлытау аудандық ІІБ-нің табиғатты қорғау және ветеринарлық полиция тобы.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

«Ұлытау аудандық мәслихат аппараты» ММ-сі аудан тұрғындарына, аталған бөлім қызметкерлері тарапынан ҚР Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығымен бекітілген ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің «Ар-намыс» кодексі (Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері) тарапынан орындамау, «Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының баптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда, **2-13-77 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.**

Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ұлытау шаруашылығы КМ мекемесі аудан тұрғындарына, аталған мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Заңының баптарын бұзу, «Ар-намыс» кодексі талаптарын орындамау фактілері орын алған жағдайда, мекемеде **2-11-61; 2-15-98 сенім телефондары жұмыс істейтінін хабарлайды.**

ЕСКЕ АЛУ

Ұлытау өлкесінің тумасы, өулетіміздің қамқоршысы, бауырымыз, апамыз **Ахметова Ақжарқын Қыздарбекқызының** қайтпас сапарға аттанғанына 40 күн толып отыр. Өмірде орындалмаған армандары, алынбаған асулары қалды. Ағайын арасы мен ел жұртына сыйлы болды. Өзінен кейінгі іні-сіңілілеріне, келіндеріне қамқоршы бола білді. Ақжарқын десе, ақжарқын еді, асыл жанның жарқын бейнесі мәңгі жадымызда сақталады.

Кетсең де көзден,
Кетпейсің көңілден
Бейнең бар өшпейтін
Өтсең де өмірден
Өзіндей аяулы бауырға
Орын бар мәңгілік пейіштен, дей келе, тек Алла ниетімізді қабыл етсін, жаның пейіштен орын алсын.

Еске алушылар: аға-жеңгелері, іні-келіндері және бауырлары.

* * *

Марқұм апамызға арналған ас 30 сәуір күні сағат 11.00-де Сәтбаев қаласындағы Б.Балқыбаев атындағы мешіттің кіші залында беріледі. Қырқына Ұлытауда бірге тұрған, бірге жүрген ағайын-туыстарды, көрші-көлемді, құрбы-құрдастарын қол жайып, құран бағыштауға шақырамыз.

Ұлытау ауданы әкімдігі және аудандық мәслихат, Сарысу селосының тұрғыны, ауыл ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Өшенов Жамсапқа анасы

Мафруза Жәнібекқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық Ардагерлер кеңесі Сарысу селосының тұрғыны, ауыл ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Өшенов Жамсапқа анасы **Мафруза Жәнібекқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАСШАБТА «ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП» ЖЕДЕЛ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАСЫ

Президент сайлауы қарсаңында қоғамдық тәртіпті сақтауға, қылмысқа қарсы күреске, қылмыскерлерді іздестіруге, есірткілер мен қаруды заңсыз айналымнан алуға, заңсыз көші-қонның жолын кесуге, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге полицияның күштері мен құралдарын барынша жұмылдыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің нұсқауы бойынша Республика көлемінде 20.04.15ж.-22.04.15ж. аралығында «Құқықтық тәртіп» жедел алдын алу іс-шарасы өтті. Жоспарланған жедел алдын алу іс-шарасы аясында, Ұлытау ауданының ішкі істер бөлімінің арнайы алдын алу жоспары құрылып, жеке құрам күшейтілген қызмет тәртібіне көшірілді. Іс-шараның мақсаты – құқықтық тәртіпті сақтау, көшелерде, басқа да қоғамдық орындарда қылмыстарды ескерту және жолын кесу болып табылады.

1) Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен жеке және заңды тұлғалардың **ұсақ бұзақылық (Кодекстің 434-бабы)**, жеке-лей алғанда, **«Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарда коммуналдық қалдықтарды шығару, қоғамдық тәртіпті және**

жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын, төңірегіндегілерді сыйламаушылықты білдіретін басқа да осындай іс-әрекеттер» жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Осындай құқық бұзушылықты жасағаны үшін айлық есептік көрсеткіштің **он мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалуға алуға** әкеп соғады.

2) Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу (Кодекстің 440-бабы).

1. Жергілікті атқарушы орган алкогольдік ішімдіктерді құйып сатуға рұқсат еткен сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдарынан басқа, көшелерде, басқа да қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға адамның қадір-қасиетіне әрі қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіретіндей мас күйінде келу – **бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.**

1-1. Жасы 18-ге толмаған адамдардың қоғамдық орындарға мас күйінде келуі, сондай-ақ олардың қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерін ішуі — **ата-аналарға немесе олардың орнындағы адамдарға бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.**

3. Осы баптың бірінші және 1-1-бөліктерінде көзделген, алкогольдік ішімдіктерді ішкені немесе қоғамдық орында мас күйінде келгені үшін бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жаза қолданылған

адамның жасаған іс-әрекеттері – **бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамалуға алуға әкеп соғады.**

3) Жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салуды бұзу (Кодекстің 44-бабы).

1.**Қазақстан Республикасының Заңдарында темекі шегуге тыйым салу** белгіленген жекелеген қоғамдық орындарда темекі шегу – **үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.**

2. Осы баптың 1-бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – **алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.**

3. Жұмыс берушінің темекі шегу үшін арнаулы орындар бөледі көздейтін **Қазақстан Республикасының Заңдарын бұзуы**, сондай-ақ, бұл үшін арнаулы белгіленбеген орындарда темекі шегушілерге шаралар қолданбауы –**заңды тұлғаларға – қырық мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.**

Құрметті азаматтар, Сіздерден қоғамдық орындарда тәртіп ережесін сақтау, айналадағыларға сый-құрмет көрсету, яғни сақталуын талап етулеріңіз сұралады.

Ұлытау ауданының ІІБ Әкімшілік полиция бөлімшесі.

Поэзия

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДОДАҒА ҚАТЫСТЫ

Альмира МАКСҰТҚЫЗЫ

Жуырда Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында республикалық «М.Мақатаев оқулары» байқауы болып өтті. Республиканың жалпы білім беретін оқу орындарының 7-10 сынып оқушылары арасында өткен жыр жарысының мақсаты – М.Мақатаев шығармашылығын насихаттау, оқушылардың тума талант, табиғи дарындарын анықтау, олардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, жас ақындарға әлеуметтік-рухани көмек көрсетіп, олармен шығармашылық түрлерін жандандыру болып табылды. Республикалық додаға мектепшілік, аудандық, қалалық, аймақтық сайыста топ жарған, жан-жақты



дарынды, поэзияны сүйетін, ғылыми жұмысқа бейімі бар, өлеңді мәнерлеп, көркем оқи

алатын, өз өлкелерінде оза шапқан кіл мықтылар қатысты. Сол кіл мықтылардың бірі – ұлытаулық Нұриден Жарасқан. №2 Қорғасын орта мектебінің 10-сынып оқушысы Нұриден Жарасқан «Менің пірім – Мұқағали» номинациясы бойынша сынға түсті. Ақиық ақынның өлеңдерін жатқа оқыған ұлытаулық өрен Алматы облысы Білім басқармасы басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

Аймақтық додада шашасына шаң жұқтырмай, республикалық кезеңде облыс абыройын қорғап қайтқан Нұриден Жарасқанға әлі талай биік белестер мен асқар асуларды бағындыра бер деп тілектестік білдіреміз.

АҚЫНДАР ЖЕҢІСТІ ЖЫРЛАДЫ

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының ұйымдастыруымен жас ақындар арасында «Ақындар Жеңісті жырлайды» тақырыбында мүшәйра өтті. Мүшәйраға Ұлытау ауданы, Жезді кентіне қарасты Байқоңыр, Ақтас, Борсеңгір, Жетіқоңыр, Қарақұм, Қарсақбай, Пионер, Сарысу, Өрнек елді мекендерінен 14-35 жас аралығындағы жас жазба ақындар қатысты.

Мәдени-сауықтыру орталығының режиссері Ш.Исмаков пен Жезді кенті кітапханасы меңгерушісінің міндетін атқарушы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі К.Құсайынова қорытынды сөз сөйлеп, үздіктердің есімін жариялады. Сөйтіп, жүлделі III-орынды М.Базылбек, Б.Алшынбек, А.Қазыбай өзара



Мүшәйра шарты бойынша №12 Ақтас орта мектебінің ұстазы Айсулу Қазыбай, №17 Байқоңыр орта мектебінің 11-сынып оқушысы Гүлайым Әубәкір, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультетінің 4-курс студенті Айбарша Көзтай, Сәтбаев қаласындағы №16 жалпы білім беретін орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Зәмзәгүл Хасенова, №6 Жезді орта мектебінің 9-сынып оқушысы Мархабат Базылбек, Сәтбаев техникалық колледжінің 1-курс студенті Ержан Абдухамит, Қарағанды политехникалық колледжінің 3-курс студенті, Жезді кентінің тумасы Бекболат Алшынбек өз өлеңдерін лақап есіммен жіберген еді.

Үш бөлімнен тұратын мүшәйрада қазылық жасаған

бөліссе, II орынды Г.Әубәкір, З.Хасенова иемденді. Ал, I орын Е.Әбдухамитке бұйырды. Мүшәйраның Бас жүлдесін А.Көзтай қанжығасына байлады. Жеңімпаздарды дипломдармен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыстады.

Жанар КУШЕКОВА,
Жезді кенті Мәдени-сауықтыру орталығының әдіскері.

1 МАМЫР —
ХАЛЫҚТАР ДОСЫҒЫ КҮНІ

№	Іс шара атауы	Қамтылатын адам саны	Өтетін орны	Жауапты
1	«Ұлт бірлігі – ұлы байлық» атты флешмоб акциясын ұйымдастыру, сонымен қатар Жеңістің 70 жылдығына арналған «Бірінші болу батылдық» атты қайырымдылық марафоны	300 адам	Орталық алаң 29.04-01.05.2015 аралығы	А.Сакипов Г.Көпеева Т.Талипова
2	Орталық алаңда мерекелік концерттік бағдарлама және мерекелік шеру өткізу. Қолөнер шеберлерінің көрмесін ұйымдастыру	1000 адам	Орталық алаң 01.05.2015 жыл	А.Сакипов М.Еділбаев М.Сыздықов Г.Көпеева
3	Орталық алаңда спорт сайыстарын өткізу. Қол күрес-60,70,80, +80 салмақтары бойынша. Арқан тартыс, асық ату т.б. спорттық ойындар ұйымдастыру.	150 адам	Орталық алаң 01.05.2015 жыл	М.Сыздықов М.Оразалин И.Тобашев

Дәрігер кеңесі

КІШІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БРОНХ ДЕМІКПЕСІНІҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Бронх демікпесі

– бұл әртүрлі деңгейде мезгіл-мезгіл ұзақтықпен тұншығу ұстамасы түрінде болатын бронхтардың аллергиялық созылмалы қабыну сырқаты. Бронх демікпесінің ұстамасы кезінде тыныс алу жолдары тыныс алуды қиындатып, ауаның тыныс алу жолдарының бойымен дұрыс айналуына мүмкіндік бермей, қатты тарылады.

Балалардағы бронх демікпесін дамытатын қауіптілік факторлары: тұқым қуалаушылық бейімділігі; аллергиялық ринит; тұрмыстық химия (жуғыш және косметикалық заттар); шылым шегу (пассивті); үй-жайлардың ішіндегі аллергиялар (үй төсек орындарындағы, кілемдердегі, жұмсақ жиһаздардағы шаң-тозаңдар, өңез, жануарлардың жүні); үй-жайлардың сыртындағы аллергиялар (гүл тозаңы, терек мамығы, т.б.); антибиотиктерді және иммунностолыторларды бақылаусыз ішлеу; өндірістегі химиялық тітіркендіргіш заттар; атмосфералық ауаның ластануы.

Балалардағы бронх демікпесінің бастапқы алды алу жолдары: әйелдердің



жүкті болған кезде дұрыс тамақтануы, жүктілік кезінде және емшек емізіп жүрген уақытта дәрі-дәрмектерді қолдануды шектеу; баланы кем дегенде 6 ай емшекпен емізу; жоғарғы аллергияларды тағамдарды аз пайдалану (ара балы, шоколад, тауық жұмыртқасы, жаңғақ, цитрус өнімдері, т.б.); бала өміріне жағдайлар жасау (таза ауада серуендеу, белмелерді жиі желдету, пассивті темекі шегуге жол бермеу); жоғарғы тыныс алу жолдарын үнемі тексеріп, өз уақытында емделу.

Есте сақтаңыз! Бронх демікпесін тоқтату оңай! Демікпені дер кезінде диагностикалау және дұрыс емдеу Сізге толық белсенді өмір сүруге мүмкіндік береді.

М.ҚҰЛАНБАЕВА,
педиатр.
Жезді кенті.

Ауқандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1550 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 16



Директор -
Бас редактор
ЕЛТЫНДЫ ДҮЙСЕНБАЕВ